

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УЎЗІРЛІГІ

ЎЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Шет тілдері факультеті Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр тәлім
бағдарының 4 курс студенті Торебаева Улбосин Қурманбек қизиньң

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Тақырып: Қазақ тілі сабағында оқушыларға сөздіктермен жұмыс
алып бару жолдарын үйрету**

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

Нөкіс- 2016 ж.

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы
мәжілісінің 2016 жыл _____№ _____санды протоколымен қорғауға
ұсынылды.

Шет тілдері факультеті
деканы:

ф.ғ.к., доц. Д.Мамырбаева

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

Торебаева Улбосин Қурманбек қизиньң «Қазақ тілі сабағында
оқушыларға сөздіктермен жұмыс алып бару жолдарын үйрету»
тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация
комиссиясы қарарымен «_____» (_____%) қойылсын.

МАК бастығы:

МАК мүшелері:

«_____» _____2016 жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

ЖОСПАР

КІРІСПЕ

I ТАРАУ

Қазақ тілінің лексикографиясы және сөздіктердің түрлері

- 1.1. Түсіндірме сөздіктер
- 1.2. Диалектологиялық сөздіктер
- 1.3. Синонимдік сөздіктер
- 1.4. Аударма сөздіктер
- 1.5. Орфографиялық сөздіктер
- 1.6. Орфоэпиялық сөздіктер
- 1.7. Арнаулы сөздіктер – абай тілінің сөздігі
- 1.8. Терминологиялық сөздіктер
- 1.9. Фразеологиялық сөздік
- 1.10. Этимологиялық сөздік

II ТАРАУ

Оқушыларға сөздіктермен жұмыс алып бару жолдарын үйрету

- 2.1. Сөздік жұмысы арқылы оқушылардың тілі мен ойлауын дамытудың жолдары
- 2.2. Лексика. сөздік және оның түрлерін оқыту жолдары
- 2.3. Сөздік түрлерін меңгертуді тіл ұстарту сабақтарында ұйымдастыру
- 2.4. Сөздік түрлері бойынша қайталау сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдер

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың актуальдығы. Сөздік жұмысы –тіл дамытудың іргетасы, оқушыны жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі.

Сөздік жұмысының ерекшелігі: тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер т.б білу арқылы баланың тілі дамиды. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Ал, сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді. Сөздіктермен жұмыс алып бару жолдарын оқушыларға меңгерту қазіргі күндегі басты мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан тақырып өзекті. Бұл тақырып жөнінде бүгінгі таңға дейін ғылыми зерттеу жұмыстары орындалмаған. Сондықтан аталған диплом жұмысы алғашқы жұмыстардың бірі.

Жұмыстың мақсаты. Мектеп оқушыларына сөздіктермен жұмыс алып баруға баулу. Сабақта сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор. Сөздіктер туралы ұғым беру, олардың сөйлеу тілін дамыту арқылы тілдік қабілеттерін жетілдіру.

Жұмыстың міндеттері: Сөздіктер оқушының сөз байлығын молайтып кеңітсе, екіншіден үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді де, ал үшіншіден сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сөйлеп үйренеді. Сөздік жұмысын жүргізуге мынадай негізгі методикалық талаптар қойылады:

1. Мазмұнды сөйлеу;
2. Жүйелі сөйлеу;

3. Мәнерлі сөйлеу;

4. Дәл сөйлеу.

Зерттеу объекті мен предметі: Жалпы орта білім беретін мектептерде қазақ тілі сабағында оқушыларға сөздіктермен жұмыс алып бару жолдарын үйрету, сөздіктер туралы мағлұмат беру, тіл ұстарту сабақтарында тіл тазалығына көңіл бөлу, оқушылардың білім және дағдысын тереңдету негізгі зерттеу объекті етіп алынды. Жеке тұлғаның әдеби-интеллектуалдық қабілетін дамыту, халқымыздың келешегі болып саналатын жастарды сөздіктермен таныстыру, орынды қолдана білуге үйрету, таза әдіби тілде сөйлеуді насихаттау. Қазақ тілі сабағының сапасын, құндылығын, оқушы ізденісін, шығармашылық қабілетін, білім деңгейі мен білім сапасын арттыру.

Зерттеу методикасы мен әдістері: Бүгінгі заманның педагогика және қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне арналған тәжірибелер, соңғы жылдарда кеңінен қолданылып жүрген оқытудың жаңа инновациялық әдіс-тәсілдері, ғылыми жаңалықтар мен еңбектер, білім берудің мемлекеттік стандарты, оқу тұжырымдамалары, бағдарламалар, оқулықтар басшылыққа алынды.

Зерттеу барысында психологиялық, педагогикалық, әдістемелік және ғылыми зерттеу еңбектерін теориялық талдау, сараптау, қорытындылау, салыстыру әдістері қолданылды. Сондай-ақ, әлеуметтік-педагогикалық, теориялық, тәжірибелік, статистикалық тәсілдер пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Зерттеу жаңалығы тақырыптың актуальдығына байланысты. Мектепте оқушыларға сөздіктермен жұмыс алып бару жолдарын үйрету, сөздік жұмысы арқылы оқушылардың тілі мен ойлауын дамытудың жолдары, сөздік және оның түрлерін оқыту жолдары, сөздік түрлерін меңгертуді тіл ұстарту сабақтарында ұйымдастыру, тіл тазалығына көңіл бөлу, оқушылардың сөйлеу тілін дамыту тәсілдері арқылы оқытуға байланысты алынған ғылыми қағидалар мен тұжырымдар қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтырады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:

Диплом жұмысында ұсынылып отырған әдістеме оқушылардың қазақ тілінен алған білімін тереңдетуге және тілдік материалдарды дұрыс игеруіне ықпал етеді. Диплом жұмысы мектеп мұғалімдеріне және қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеушілерге көмекші құрал бола алады. Диплом жұмысы кіріспеден, негізгі екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, жұмыстың мақсаты, зерттеу нысаны, болжамы, міндеттері, зерттеу әдістері, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар, зерттеудің практикалық құндылығы, сарапталуы қарастырылды.

Бірінші тарауда қазақ тілінің лексикографиясы және сөздіктердің түрлері – түсіндірме сөздіктер, диалектологиялық сөздіктер, синонимдік сөздіктер, аударма сөздіктер, орфографиялық сөздіктер, орфоэфиялық сөздіктер, арнаулы сөздіктер – абай тілінің сөздігі, терминологиялық сөздіктер, фразеологиялық сөздік, этимологиялық сөздіктерге тоқталып, әрқайсысының ерекшеліктеріне тоқталынып, шолу жасалынды. Екінші тарауда оқушыларға сөздіктермен жұмыс алып бару жолдарын үйрету, сөздік жұмысы арқылы оқушылардың тілі мен ойлауын дамытудың жолдары, сөздік және оның түрлерін оқыту, сөздік түрлерін меңгертуді тіл ұстарту сабақтарында ұйымдастыру, сөздік түрлері бойынша қайталау сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдер, білім және дағдысын тереңдету жолдары көрсетіліп берілді.

Қорытындыда зерттеу нәтижелерінен толық тұжырым жасалды.

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов.

Студент:

У. Торебаева.

Кіріспе

Қазіргі таңда, Өзбекстан Республикасы өз егемендігіне ие болған жиырма бес жыл ішінде халқымыздың өмірінде ұлы өзгерістер болды. Барлық салада, атап айтар болсақ, экономикада, мәдениет пен ғылым саласында, көркем әдебиетте, денсаулық сақтау саласында әсіресе, халыққа білім беру саласында бұрын болып көрілмеген дәрежеде алға ілгерілеулер жасалып жатыр. Халыққа білім беру жүйесі түбірімен өзгеріп кетпесе де, біраз реформалар жасалып, жақсы өзгерістер болғаны мәлім. Бұл реформалар қазір өз жемісін беруде, нәтижесін көрсетуде.

Президентіміз И.А.Каримовтың жастардың оқып білім алуына, халыққа білім беру жүйесінде бүкіл әлемдік деңгейге көтерілуіне үлкен қамқорлық жасап келуі мұның айқын дәлелі болып табылады. Білім мен ғылым тақырыбы Президентіміз И.А.Каримовтың барлық еңбектерінде атап өтіліп, үлкен мәнге ие болып отыр. «Биз комил инсон тарбиясини давлат сиёсатининг устувор соҳаси деб эълон қилганмиз. Комил инсон деганда биз, аввалло, онги юксак, мустақил фикрлай оладиган, хулқ-атвори билан ўзгаларга иброт бўладиган билимли, маърифатли кишиларни тушунамиз»¹

Сөздік жұмысы –тіл дамытудың іргетасы, оқушыны жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі.

Әдіскер ғалымдар М.Т.Баранов, А.Р.Прудникова жаттығу әдісінің маңыздылығына тоқтала келіп, «Сөздік және лексикалық жаттығуларды бір-бірімен айыру қиыншылық тудырады, олар тығыз байланысты.Өйткені екеуінің де негізі – сөзбен жұмыс жасау» - дей келіп, сөздік жұмыстарға тілді

¹ И.А.Каримов. «Ёшларимиз-халқимизнинг ишончи ва таянчи» Ташкент 2006.

сезіну мен сөзді дұрыс түсінуі, орынды қолдана білуі, сөз тіркестерін жасау, сөйлем құрау, мазмұндама, шығарма жазуды жатқызады.

Сөздік жұмысының ерекшелігі: тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер т.б білу арқылы баланың тілі дамиды. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Ал, сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сөздік жұмысы сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға үйретеді, оның творчестволық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. «Сөз байлығы – қоғамның байлығы және сол сияқты әр адамның байлығы. Сондықтан мектепте оқушыларғы сөздік жұмысын жүргізудің маңызы зор.

Сөз байлығының аздығы оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша, дәл, жүйелі жеткізуіне қиындық келтіреді. Сондықтан сабақта сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор.

Біріншіден, ол оқушының сөз байлығын молайтып кеңітсе, екіншіден үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді де, ал үшіншіден сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сөйлеп үйренеді. Сөздік жұмысын жүргізуге мынадай негізгі методикалық талаптар қойылады:

1. Мазмұнды сөйлеу;
2. Жүйелі сөйлеу;
3. мәнерлі сөйлеу;
4. Дәл сөйлеу.

Мазмұнды сөйлеу - ойды айқын, сендіре, оқушысына немесе таңдаушысына әсер ете білу шеберлігі. Мұнда тиісті сөздер таңдау, фразалар

құрастыру, жалпы әңгімедегі көңіл-күйді білдіре алушылық үлкен роль атқарады.

Қазіргі қазақ тілінің сөздігі – жалпы тіліміздегі қолданылып жүрген әдеби тіліміздің лексикасы. Халық пайдаланып жүрген сөздер кәдімгі қолданып жүрген техникалық терминдер, мамандыққа байланысты сөздер, диктант сөздер, жер-су, өсімдік, жан-жануар т.б. сөздерден тұрады.

Жүйелі сөйлеу – оқушы өз ойын белгілі бір ретпен, жүйелі түрде баяндап беретін болуы шарт. Бала өзі жақсы білетін материалын алдын-ала талдап, жинақтап, әуелі не жөнінде т.б. жобалап алуға тиіс. Сөз, сөйлемді дұрыс құрмау, ойдың күрт үзіліп, байланыссыз қалуынан, бір ойдың қайталануынан сақ болған жөн, белгілі бір жүйемен баяндауға үйренген жөн.

Мәнерлі сөйлеу - барысында әр сөздің стилистикасына, сөздің әсеріне, көркемдік жағына көңіл бөлу керек. Бастауыш сынып оқушылары сөзге мән, мағына беріп үйренсе, үлкен жетістік, өйткені сөз арқылы ғана ойды жеткізуге болады. Мәнерлі сөйлеу тілге деген талғамды, сөзге деген сезімді тәрбиелейді.

Дәл сөйлеу – баланың сөйлеу тілінде дәлділік қажет. Әрбір сөз дұрыс айтылуы, дыбысталуды керек етеді. Онсыз сөз мағынасы, әсері болмақ емес.

Сөздік жұмысы оқу сабағында мынадай міндеттерді орындауды қажет етеді:

1. Балалардың сөздігін байыту, яғни белгілі бір сөздердің мағынасын түсіндіру, жаңа сөздер үйрету.

2. Белгілі және жаңа сөздерді қолдану, пайдалану аумағын, көлемін көбейту, үйренген сөздермен салыстыру арқылы жаңа контекстке пайдалану.

3. Сөздің стилистикалық рөлін және лексикалық категориясын бақылау арқылы үйрету.

4. Байланыстырып сөйлеуге көркем сөздерді пайдалану, оның грамматикалық тұлғаларын аңғарту, өмірмен байланысты жүргізу.

5. Синоним, антоним, көп мағыналы сөздерге талдау жасау, астарлы сөздердің мағынасын нақтылау.

6. Мектеп оқушыларының сөйлеу қорына әдеби тілге жатпайтын сөздерді ендірмеу, артық сөздерді қолданбауға үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қол жеткізу.

7. Сөз байланыстарын қолдануға мүмкіндік жасау, яғни әрбір оқушы сөйлегенде, сөйлем құрағанда мүмкіндігінше жаңа сөз қосып отыру.

Сөздікті байытудың негізгі көзі – оқулықтағы мәтін, жаттығулар, тапсырмалар және мұғалімнің сөзі. Сондықтан оқулықтардағы ұлы классик сөз маржаны ауыз әдебиет үлгілірінен мақал–мәтел, жұмбақ, жаңылпаштарды оқып, сусындап отырғандары жөн.

I ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ СӨЗДІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Лексикография - грек тілінің *lexis* (сөз) және *grapho* (жазамын) деген сөздерінен жасалған термин.

Лексикография деп белгілі бір тілдегі сөздердің жиынтығын атайды, яғни лексикография сөздерді құрастырудың ғылыми методикасы дегенді анықтайды. Сөздік жасау жұмысы лексикографиялық жұмыс болып табылады. Сөздіктер негізінен қарастыратын нысанына қарай лингвистикалық және лингвистикалық емес болып бөлінеді.

Тіл-тілдегі сөздіктердің түрлері көп. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәдени қажеттілікті өтеу үшін жасалады. Қазіргі әдеби тілімізде негізінен мынадай сөздіктер бар: түсіндірме сөздіктер, диалектологиялық сөздіктер, синонимдік сөздіктер, қанатты сөздер сөздігі, аударма сөздіктер, этимологиялық сөздіктер, орфографиялық сөздіктер, арнаулы сөздіктер (Абай тілі сөздігі т.б.), терминологиялық сөздіктер, энциклопедиялық сөздік т.б.

Түркі тілдерінің ең алғашқы сөздігі Махмуд Ибн-Хусаин Қашғаридың 1068 жылы жасаған (Диуани лұғат-ат түркі) тілдері сөздігі болды. Бұл сөздік туралы бұрынды-соңды айтылған пікірлер мен берілген бағаларға қарағанда, сөздіктің құрылуы, сөздерді жүйелеу тәртібі, оларды салыстыра түсіндіру жағынан күні бүгінге дейін көне түркі тілдері тарихы жөнінде аса құнды еңбек делініп бағаланады. Бұл сөздік – үш томдық. Сөздікте автор түркі тілдері сөздерін ғана беріп қоймайды, ол тілдердегі сөздердің кейде тарихын, грамматикалық өзгешеліктерінен де мәлімет беріп отырады. Сонымен бірге, өз заманындағы ру-тайпалардың, халықтардың топонимикасына байланысты тарихи мәліметтер де береді.

Бұдан кейінгі XIX ғасырдың екінші жартысында, түркі тілдерінің зерттеле бастауымен байланысты, салыстырма сөздіктер жасала бастады. Сондай сөздіктердің бірі – Лазарь Будаговтың (Сравнительный словарь турецко-татарских наречий) деген 1860 жылы Петербургте шыққан сөздігі.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздіктерді оның негізгі характеріне қарап мынадай 4 түрлі топқа бөлуге болады:

1. *Сөздің шығу тегі мен олардың семантикалық дамуы туралы мағлұмат беретін сөздіктер, бұларға мыналар кіреді:*

1.Этимологиялық сөздіктер.

2.Тарихи сөздік

2. *Қазіргі тілдегі сөздердің мағыналарын түсіндіріп, олардың қолданылуы жайлы мағлұмат беретін сөздіктер. Олар мыналар:*

1.Түсіндірме сөздік

2.Аударма сөздік

3.Терминалогиялық сөздік

4.Диалектологиялық сөздік

5.Синонимдер сөздігі

3. *Сөздердің дыбыстық құрылысы мен олардың жазылуы туралы мағлұмат беретін сөздіктер:*

1.Фонетикалық сөздік

2.Орфографиялық сөздік

3.Орфоэпиялық сөздік

4. *Заттар мен құбылыстардың ұғымдарын айқындап түсіндіретін сөздіктер:*

1.Энциклопедиялық сөздік

2.Иллюстративті сөздік

1.1. Түсіндірме сөздіктер

Түсіндірме сөздіктің алға қоятын мақсаты бір тілде, белгілі дәуірде, жалпы халықтық сипат алған сөздерге мағыналық, стильдік әрі грамматикалық жағынан сипаттамалар беріп, тілдің қазіргі даму сатысындағы сөздік құрамының сан мөлшерін біршама анықтау. Солардың мағыналық нормаларын, стильдік түрлі қолданыстарын саралап көрсету міндеті жүктеледі. Сонымен қатар сөздердің жазылуы мен айтылуы нормаларының ең дұрыс деген қалпын айқындай отырып, соған нақтылы түсінік беруді қарастырады.

Сондықтан түсіндірме сөздік кейде нормативті сөздік деп те аталады. Нормативті түсіндірме сөздік біртомдық және көп томдық болып та, жасала береді. Көлемнің үлкендігіне қарай көп томдық түсіндірме сөздікті кейде академиялық сөздік деп те айтады. Орыс тілінде үш түрлі (17 том үлкен сөздік, төрт том орташа сөздік бір том кіші сөздік) түсіндірме сөздік басылып шықты. Академик В.В.Виноградов: “Ұлт тілінің түсіндірме сөздіктері сөйлеу мәдениетінің ең күшті құралы ғана емес, сонымен бірге сол мәдениетінің жемісі” — деп бағалайды². Орыс әдеби тілінің жаңа түсіндірме сөздігін жасаудың соншалықты қажет екендігін айтып, оны жеделдетіп шығаруға үлкен күш жұмсап, әкелік қамқорлық көрсеткен болатын. Демек, әрбір тілдің түсіндірме сөздігі әсіресе ғылым мен техниканың кемелденіп жетілген кезінде соншалықты қажет екендігін аңғарамыз. Бұл кезеңде бүкіл баспасөз, мектеп, радио, телевизияның барлығы да жүйеленген нормативті сөздіктермен ғана жұмыс істеуді талап етеді. Қазіргі біздің еліміздегі әрбір ұлт өз ана тілінің түсіндірме сөздігін жасауға жаппай кірісті деуге болады. Бұл салада қазақ тіл мамандары да жемісті еңбек етіп келеді. “Қазақ тілінің

² В. В. Виноградов Теория и практика русской лексикографии, “Вопросы языкознания”, № 6, 1956, 80-бет.

түсіндірме сөздігі” ең алғаш рет екі том болып, 1959 және 1961 жылдары басылып шықты. Содан бері жұртшылықтың күнделікті кәдесіне жарап, азды-көпті мәнді қызмет атқаруда. Бұған небары жиырма мыңдай ғана ең жиі қолданылатын сөздер енген еді. Содан бергі өмір талабы бұл сөздікті місе тұтпай, толықтырып, жанартып қайта жасауды талап етті. Қай елдің даму тарихын алып қарасақ та, әдеби тілдің нормативті сөздігі бір мәртебе емес, әлденеше рет жасалған. Олар бірден-бірге кемелденіп толығады, сараланып өңделеді. Ешбір елде жүйелі толық сөздік бірден жасалмаған. Қазақ Ғылым академиясының Тіл білімі институты 1967 жылдан бастап “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін” көп (он том) етіп шығару жұмысына бел шешіп, қайыра кіріскен еді. “Сабақты ине сәтімен” дегендейін, сол игілікті еңбекті шығару 1974 жылы басталып, соңғы томы (10-том) 1986 жылы басылып шықты. Бұл сөздіктің алға қойған мақсаты қазақ тілінің сөз қорындағы сөздерді мүмкін болғанынша түгел қамтып, хатқа түсіру, есебін алу, тіліміздегі сөздердің, мән-мағыналарын дәл анықтай отырып, олардың, әдеби нормаларын белгілеу. Реестерге алынған сөздерге қай сөз табына қатысты екендігін көрсететін грамматикалық белгілер қойылған. Сөздікте сөздердің қолдану аясы мен шегін, тарихи және территориялық таралу әдісін, сондай-ақ, эмоциялы-экспрессивті реңін сипаттайтын да белгілер көрсетілген.

Реестр сөздің анықтамасы, оған берілген грамматикалық, шығу төркіні (қай тілдің сөзі екендігі) мен қай стильге жағатындығы туралы белгілер, бұларға келтірілген түрлі мысалдар, бір сөзбен айтқанда, сөздік мақала деп аталады. Әрбір сөздің мағынасы мен реңкін айқындауға берілген нақтылы мысалдар, келтірілген иллюстрациялық материалдар сөздің қолдану аясын, стильдік мәнін мүмкіндігінше толық және айқын етіп дәлелдеуді көздейді. Сол себептен олар атау сөзге қойылған грамматикалық, стильдік белгілерге сай, сөздің табиғатын, сипатын жан-жақты түсіндіріп, анық ашып беретіндей

болуы және мазмұны жағынан ұстамды да тұжырымды болып келуі қадағаланады.

Он томдық “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” 70 мыңдай реестр сөз, 20 мыңдай күрделі сөздер мен фразеологизмдер қамтылды. Аталған сөздіктің көп том болып басылып шығуы тек — қазақ елінің тарихында ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихында да бұрын-соңды болмаған айтулы оқиға.

1.2. Диалектологиялық сөздіктер

Диалектологиялық сөздікте әдетте тілдің лексикасынан тыс говорлар мен диалектілерге тән сөздер мен сөз тіркестері қалыптасады.

Қазақ тілінде диалектологиялық сөзді тұңғыш рет 1965 жылы жарық көрді. Сөздікте 2000 ға жуық диалектизм сөздер енген. Одан кейін 1969 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының тіл білімі институты қызметкерлері құрастыған. Мұнда 6000 ға жуық сөз қамтылған.

Диалектологиялық сөздікте реестер диалектизмдердің мағынасы әдеби тілдегі балама, синоним сөздері арқылы түсіндіріледі. М: дәліз деген сөз бар, бұл - кіре берістегі бөлме, ауыз үй дегенді білдіреді.

Қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілінде қыруар жергілікті ерекшеліктер бар. Бұлардың көпшілігі фонетика мен грамматикадан гөрі лексика саласында жиірек ұшырасады. Қазақ тіліндегі сөз таптарының барлық түрінен де жергілікті ерекшеліктер табылады. Бірақ бір сөз табы (зат есім, - етістік, сын есімдер) диалектілік сөздерге өте-мөте бай, ал қалған сөз таптарында олар соншалықты көп емес деуімізге болады.

Ауызекі тілдегі сөз айырмашылықтарын жинап-теріп, жеке сөздік етіп шығару жалпы халық тілінің сөз байлығын жете білуге үлкен жәрдем етеді, тіл тарихын салыстырып зерттеуге себін тигізеді. Ара-тұра әдеби тілдің сөз қорын көбейтуге де белгілі мөлшерде қолғабыс жасайтындығы даусыз. Тіліміздегі диалектілік ерекшеліктер негізінен көне тайпа тілдерінің

қалдықтары болса, екінші жағынан, басқа тілдерден ауысқан кірме элементтер екендігі дәлелденген. 1937 жылдан бастап, қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинау қолға алынды. Сол экспедициялық материалдардың негізінде Ж.Досқараевтың “Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері” атты тұңғыш сөздігі 1955 жылы басылып шықты. Сөздіктің алға қойған мақсаты: “Жұртшылықты халық тіліндегі лексикалық ерекшеліктермен таныстыру, олардың әр алуан мағыналарын түсіндіру, ол ерекшеліктердің әдеби тілмен, кейбір басқа тілдермен қатынасын тіл фактілері бойынша салыстырып көрсету” (3-бет) еді. Кітапқа қазақ тілінің 1521 жергілікті ерекшеліктер ендірілген. Сөздікте әр сөздің мағынасы бірде әдеби тілдегі баламаларымен, бірде сипаттама түрінде түсіндіріліп, тиісті мысалдар келтірілген. Мүмкіндігіне қарай, әрбір жергілікті диалектизм өзге түрік тілдеріндегі, атап айтқанда, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, татар және монғол тілдерінің ескілі-жаңалы материалдарымен салыстырылып көрсетілуі еңбектің ғылыми құндылығын недәуір арттыра түскен. Кітапқа жеке сөздермен қатар жергілікті халықтың ауызекі тіліндегі бірқыдыру сөз тіркестері де қамтылып, оларға да тиісті түсініктер берілген. Мысалы: жамбар тарту, ауыздап жіберу, бала құшақтау, бірі шек болу, еркектеп кету, орам болу, сұрам беру, жоқ ету, қайырма беріс, т. б. Сонымен бірге жалпы халыққа өте-мөте танымал белгілі сөздердің де орынсыз сөздікке еніп кеткендігі байқалады.

Жеке сөздердің шығу төркінің (этимологиясын) әртүрлі жолмен анықтап, оларды документациялауда бір ізділік жөнді сақталмаған: бірі толық, енді бірі өте қысқа түсіндірілген.

“Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін” екінші рет профессор С.Аманжолов 1959 жылы шығарды. Бұған 4000-нан астам жергілікті тіл ерекшеліктері енген. Мұнда әрбір реестрге алынған сөзге екі тілде (қазақша-орысша) толық түсінік беріліп отырылған. Мүмкіндігіне қарай алынған

диалектілік сөз Қазақстанның қай жерінде кездесетіндігі және қандай әдебиеттен алынғандығы көрсетілген. С. Аманжоловтың бұл еңбегін тұңғыш рет жазылған екі тілді (аударма) диалектологиялық сөздік деп те атауға болады.

Бірлі-жарым ұсақ-түйек кемшіліктері болғанымен, түптеп келгенде бұл екі сөздік қазақ диалектологиясын аяғынан тік тұрғызып, етек алып дамытуға үлкен үлес қосты. Онан кейін де жылма-жыл диалектологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, қыруар материалдар жиналды. Солардың негізінде 1969 жылы “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі” жарық көрді. Мұнда бұрынды-соңды жиналып-терілген ауызекі сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерді іріктей, екшей отырып, 6000-ға жуық сөздерді бір том етіп шығарған. Яғни бұл сөздік С.Аманжолов пен Ж.Досқараевтың сөздіктерінің негізінде жасалған. Сөздіктің жалпы құрылысы мен құрылымды — реестрге алынған сөздерді түсіндіру принципі мен мысалдарды беру тәртібі жағынан “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне” сүйенген. Сонымен қатар кейбір олқылықтары да жоқ емес. Сөздікті жасаушылар сөздікке тек қана диалектизмдерге жататын сөздерді таңдап алудың орнына көп ретте таза әдеби тілдің сөздерін талғаусыз ендіре бергендігі байқалады. Мысалы: астау, атықтыру, әнтек, бапкер, баспа, баялыш, боздақ, буазу, булық, далда, дембедем, елі, жадағай, жарыс қазан, жасымық, жаужүрек, кәделеу, кергі, қазан ат, нәл, самал, оттық, сақпаншы, маймақ, саяқ, саумалау, собық, сулық т. б. Дұрысында, әдеби тілдегі сусамыр деген синонимін ғана келтіру керек. Осындай азын-аулақ кемшіліктеріне қарамастан, бұл сөздік бүгінгі күндегі қазақ диалектизмдері жөніндегі бірден-бір жөні түзу анықтағыш болып есептеледі.

1.3. Синонимдік сөздіктер

Синонимдік сөздікте синонимдік қатардың құрамындағы өзара мәндес сөздердің әрқайсысының мағынасы талданып қолданылу аясы мен стильдік

қызметі түсіндіріледі. Қазақ тілінің синонимдік сөздігі тұғыш рет 1962 жылы жарық көрді. М: Ә.Болғанбаев «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі», Алматы, 1962. Осы сөздікке 1400 ден астам синонимдік қатар енген.

Синонимдік қатардың ішінен сол қатардағы сөздердің жалпы мағынасын ашық айқын білдіретін доминант сөз басына қойылады да, басқалары онан кейін синонимдік қатардың құрамына енген әрбір сөздің мағынасын, шығу төркінін, стильдік қызметін әр түрлі әдебиеттерден мысалдар келтіреді.

Өз тіліндегі мәндес сөздерді жинақтап, жеке сөздік етіп шығару тәжірибесі алдыңғы озық мәдениетті елдердің көбінде бар.

Өнегелі халықтың осындай іс-тәжірибелерінен оқып үйрене отырып, бізде (Ә. Болғанбаев) 1962 жылы тұңғыш “Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігін” шығарды. Бұған төрт мыңнан астам (1400 синонимдік қатар) сөз кірді. Сөздіктің соңында жұртшылықтың пайдалануына жеңілдік келтіру мақсатымен, екі түрлі көрсеткіш (алфавит көрсеткіші мен синонимдік қатарлардың көрсеткіші) берілді.

Мәндес сөздер белгілі бір синонимдік қатарға топтастырылады. Белгілі бір ұғымның шегін ажыратпас бұрын, ең алдымен тілдегі әрбір сөздің өзіне тән мән-мағыналарын жете білу қажет. Сонымен қатар сол білгенінді дәлелдейтін түрлі әдебиеттен алынған нақты тілдік материалдар болуы керек. Әрбір синонимдік қатарға топтасқан сөздер кездейсоқ түрде емес, белгілі заңдылықка негіздеп, қайсысы бұрын, қайсысы одан кейін, қайсысы ең соңында тұруы керектігін анықтау керек. Әсіресе синонимдік қатарға негіз болатын доминант (тірек) сөзді іріктеп шығару оп-оңай іс емес. Доминант (тірек) сөз мағына жағынап тиянақты, ашық-айқын, стильдік реңі жағынан бейтарап, сонымен бірге көп мағыналы емес, дара мағыналы сөз болуға тиіс. Бұлар синонимдік қатардың алдында тұрады, басқалары мағыналық жақындығына қарай, ілгері-кейінді бірінен кейін бірі тізіліп тұра береді. Көп мағыналы сөздердің әр мағынасы әр түрлі синонимдік қатарда жұмсалса,

онда бір сөз неше мәртебе қолданылса, сонша рет сөздікке алынады. Мәселен, аталған сөздікте дүние деген сөз төрт түрлі сөзбен (әлем, өмір, жаратылыс, зат) синонимдік қатынасқа түскендіктен, төрт рет алынған.

Синонимдер сөздігін жасауға кіріспес бұрын оның мақсаты мен міндетін белгілеп алған жөн. Осыған орай оған ендірілетін сөздердің түрлері анықталады. Синонимдер сөздігі негізінен әдеби тілдің шеңберіндегі сөздерді қамтуға тиіс. Сонымен бірге өткен дәуірдің жұрнағы ретінде архаизмдер кіреді. Кәсіби сөздер мен кейбір диалектизмдер де алынады. Терминдердің де сан алуан стильдік-мағыналық мән беретін синонимге өте-мөте жақын жүргендері сөздікке ендіріледі. Мәселен, право – деген орыс сөзі қазақтың ерік, қақы, құқы сөздерінің синонимдік қатарына кіріп, ғылыми стильден мықтап орын тепті. Сол сияқты образ — бейне, тұлға сөздерінің синонимдік қатарын, герой — қаһарман сөздерінің синонимдік қатарын толықтырып, ерекше стильдік мәнде қолданылып жүргендіктен, бұларды да сөздікке ендірдік. Әдетте, терминологияны жасаушылар, “синонимдер терминологияның жауы” деп теріс түсініп, оның біреуіне ғана жармасып, қалғандарынан қайтсе де құтылу әрекетін ойлап бағады. Іс жүзінде бұл әрекеттен түк шықпай, әрбір сөз күні жеткен кезде қайтадан тілге оралып отырады. Мұның басты себебі кейбір термин жасаушылар терминдердің де өзге сөздермен мағыналас, үйлес келіп, белгілі бір ұғымды жан-жақты түсіндіру қабілетін жете түсіне алмағандықтан, дәрменсіздіктен туған деп ұғуға болады. “Синонимдер сөздігіне” синонимдік қарым-қатынаста жұмсалатын тілдегі фразеологизмдердің бәрі бірдей талғаусыз ене бермейді. Мәселен, айқын, анық деген ұғымда “бес енеден белгілі”, “тайға таңба басқандай”, “соқырға таяқ ұстатқандай” деген идиомдар айтылады. Күйреді деген ұғымда “тас-талқаны шықты”, “күлі көкке ұшты”, “аяғы аспаннан келді”, “жермен жексен болды”, “тамырына балта шабылды” деуге болады. Алайда бұлардың бірде-біреуі сөздікке кірмеді. Тек екі сөзден құралып, бір

сөздің орнына жүретін ығыр болу, мезі болу, ысырап болу тәрізді некен-саяқ фразеологиялық тіркестер ғана ендірілді.

Осы айтылғандардың алғашқысына орыс тілін, кейінгісіне қазақ тілін жатқызуымызға болады. Қазақ тіліндегі синонимдерді стильдік салаға жіктеп-бөлу жұмысының өте-мөте тапшылығынан тіліміздегі сөздердің бәрі бірдей әлі күнге сараланып жетілмегендіктен, біз бұл міндетті кейінге қалдырдық. Сөздікте синоним қатарларының жүйеленген тізімі келтіріліп, белгілі әдебиеттен солардың мағыналарын ашарлық бір-бір мысал алумен ғана шектелдік: аласа, тапал, қысқа, кішкене, тәпелдек, мықыр, қортық, тырбық, жатаған, мақар.

Кез келген сөздік халқымыздың сөз байлығын жинақтап, жүйелеп беретін рухани қазына деп есептеледі. Сондықтан да олар бір емес, әлденеш рет жасалып өңделеді, толықтырылады, жетілдіріледі. Сөйтіп халық игілігіне айналады. 1962 жылы жарық көрген “Синонимдер сөздігі” содан бергі кезеңде де үнемі толықтырылып келді. Соның нәтижесінде оның көлемі екі еседей артты. 1975 жылы “Қазақ тілінің синонимдер сөздігі” деген атпен бұл сөздік екінші рет басылды. Берілген баспа қағаздың (листаж) аздығынан, жиналған синонимдердің бәрі бірдей сөздіктен орын ала алмады. Тек бұрынды-соңды қолымызға түскен материалдардың таңдаулыларын іріктеп, 5000-нан астам синонимдерді қойылған талапқа сай ықшамдап бердік. Демек, бұл еңбек бұрынғы шыққан сөздіктің толығып өндеген, өңделіп түзетілген, жақсарған жаңа варианты деп танылады. Мәселен, сөздіктің бірінші басылымында өлу деген сөздің синонимдік қатарында бар болғаны бес-ақ сөз кірген болса, соңғы басылымында 27 сөз енгендігі бұған айқын дәлел бола алады.

Қанатты сөздер сөздігі тіл білімінде фразеологизмнің бір түрі болып есептеледі. Белгілі бір тілдегі алуан түрлі тұрақты фразеологиялық сөз

тіркестерін қамтитын фразалық сөздік қазақ тілінде жуырда ғана жасалды. Ол І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразалеология сөздігі», 1977.

1.4.Аударма сөздіктер

Аударма сөздікте белгілі бір ана тілдің сөзі басқа бір тілге аударылып немесе белгілі бір тіл сөзі мен фраза іші ана тіліне аударылып беріледі. М: қазақша-орысша (І том 1954ж. 5000 сөз) немесе орысша-қазақша сөздік (І том 1978 ж. ІІ том 1981ж).

Аударма сөздіктердің ішінде ең көп тарағаны 2 тілдің аударма сөздігі. Мұнда шет тілді оқып үйренуде, ол тілдің лексикасын меңгеруде, басқа тілде жазылған еңбектерді оқуда еңбегі мол.

Қазақ халқының сөз байлығын ең алғаш жинап-теріп, жекі сөздік етіп шығару тәжірибесі өткен ғасырдың екінші жартысынан кейін ғана басталды. Орыстың атақты ғалымдары академик В. В. Радловтың “Түрік тілдерінің сөздігін жасаудағы тәжірибе” (1893—1911) атты төрт томдық сөздігі мен профессор Н. И. Ильминскийдің “Қазақ тілін зерттеудегі материалдар” (1861) деген арнаулы еңбегі ана тіліміздегі сөздерді жинақтап, сөздік етіп шығарудың үлгілерін көрсетті. Төңкерістен бұрын барлығы отызға жуық екі тілдік (орысша-қазақша немесе қазақша-орысша) аударма шағын сөздіктер жарық көрді. Бұлардың азды-көпті тәжірибелері төңкерістен кейінгі сөздіктердің бел алып еркін дамуына белгілі дәрежеде себін тигізді.

Қазақ лексикографиясының шын мәнінде ғылыми тұрғыдан тексеріліп, етек алып жан-жақты дамуы кеңестік дәуірде екі тілді аударма сөздіктерден басталды. 1945 жылға дейін бастауыш және орта мектептерге арналған екі тілдік шағын сөздіктер жасаумен ғана шектеліп келген болсақ, 1946 жылы екі том “Орысша-қазақша сөздік”, 1954 жылы бір томдық үлкен “Орысша-қазақша сөздік”, ал 1978, 1981 жылдары “Орысша-қазақша сөздіктің” толықтырылған екі томы Ғ.Мұсабаевтың жетекшелігімен жарық көрді.

Аталған сөздіктер туысқан екі халық (орыс пен қазақ) бірінің тілін бірі оқып үйренуі, біріндегі сөз байлығы мен сөз шеберлігін меңгеріп алуы үшін баға жетпес үлкен құрал. Орыс мәдениеті, әсіресе оның бай сөздіктері біздің еліміздегі халықтардың жалпы дамуына, ең алдымен, рухани-мәдени жағынан жетілуіне үнемі мінсіз қызмет атқарып келеді.

Қазақ тілінің сөз байлығы өзге тілдермен де салыстырып аударылды. Мәселен, шағын түрде болса да “Ағылшын-қазақ сөздігі” (1960), “Монғолша-қазақша сөздік”, (Монғолия, 1954), Арабша-қазақша түсіндірме сөздік” (1969), “Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік” (1974), “Қазақша-ағылшынша сөйлесу” (1966), “Қазақша-немісше сөйлесу” (1968) шықты. Қазақ тілінің басқадай сөздіктерін мол тәжірибелері бірден-бір негіз болды.

1.5. Орфографиялық сөздіктер

Орфографиялық сөздікте сөздердің қалай жазылатындығы көрсетіледі. Бұл сөздік дұрыс жазудың анықтағышы ретінде қолданылады. Қазақ тілінің алғаш орфографиялық сөздігі 1962 жылы шыққан. Ол одан кейін де өңделіп басылған.

Орфография (емле) бір тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы нормаларын белгілейді. Ал дұрыс жазудағы негізгі мақсат — ойды жазба түрде айқын етіп, дәл жеткізу. Сол үшін орфографиялық ережелер де жалпыға бірде олай, бірде былай екі түрлі жазылып жүруінеп көп зиян келеді.

Сондықтан емле ережелерді тұрақтандыру-сауатты жазудың бірден-бір кепілі деп танылады. Қазақ тілінің орфографиялық ережелері төңкерістен бергі кезеңде туып қалыптасты. Олар дүркін-дүркін өзгеріп, жаңарып отырды. Соның негізінде әр кезде ірілі-уақты “орфографиялық сөздіктер” жарық көріп отырды. Алғашқы сөздіктер негізінен мектеп көлемінен аса алмады. 1957 жылғы 5 июньде “Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін” бекітті. Осының негізінде 1963 жылы үлкен “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі” жарық көрді. Бұл сөздікте сөздердің жазылуы

морфографиялық және фонетикалық деп аталатын екі түрлі принципке негізделді. Сөздіктің соңында қосымша ретінде кісі аттары мен жер-су атаулары да ендірілді. Бұлардың берілуіндегі мақсат есім мен атауларды жазуда да бір ізділік сақтау еді.

Бұл сөздікті 1978 жылы сәл өңдеп екінші рет басып шығарды. Содан бергі өмір талабы мұны да місе тұтпай, ескірте бастады. Тіл білімі институты қазіргі кезде жаңа сөздікті баспаға дайындау әзірлігінде. Тіл білімі институты мен Оқу министрлігі 1957 жылдан қолданылып келе жатқан орфографиялық ережелерге біраз толықтырулар мен түзетулер енгізіп, Қазақ емле ережелерінің жаңа редакциясын ұсынған еді. 1983 жылдың 25 августында бекітіп берді. Емле ережелері кодексі жазу мәдениетімізді әрі қарай жетілдіріп, жазуымыздың сауаттылығын недәуір арттыра түсетіндігі сөзсіз.

Орфографиялық сөздік — тіл мәдениеттілігінің басты бір белгісі деп қарасақ, мұны тек сөздерді белгілі ережелерге сай үйлестіріп, сауатты жазумен ғана шектеуге болмайды. Ең алдымен, бұл сөздік ана тілінің өзіндік ұлттық ерекшеліктерін, әсіресе оның өзіне ғана тән бейнелі сөздерін (қос сөздер мен күрделі сөздерін) барынша қамтып, көрсетуге тиісті. Сондықтан орфографиялық сөздіктің құрылым-құрылысына үлкен мән беріп, оны әлі де жетілдіре түсу шараларын шұғыл қолға алу қажет. Қазіргі орын алып, отырған сөздіктердің құрылым-құрылысындағы елеулі ала-құлалықтарды түгелдей жойып, сапасын неғұрлым арттыра түсуді ойластырмасқа болмайды.

1.6. Орфографиялық сөздіктер

Сауаттылық сөздерді белгілі ережелерге сәйкес дұрыс жазумен ғана көрінбейді, оларды дұрыс айтып, дұрыс оқумен де бағаланады. Өйткені сөз біткеннің бәрі бірдей қалай жазылса, солай оқыла бермейді, көп ретте оларды қалыптасқан орфографиялық жүйеге келтіріп сөйлеуді талап етеді. Қазақ әдеби

тілінің орфоэпиялық нормасының қалыптасуына негіз болған оның бай ауыз әдебиеті екендігі сөзсіз.

Бүгінгі әдеби тілдің айтылу нормасы сахна өнерінде, мектептерде, біреумен біреу ауызекі сөйлеген сөзде, күнделікті радио мен телевизия хабарларында, сонымен қатар көпшілікке оқылатын лекцияларда айқын байқалады. Сөздің қалай жазылуы мен қалай айтылуы бір-біріне ықпал етіп отырады. Сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігі болады. Сөзді сөйлегенде сөйлеу тілінің қалыптасқан жүйесіне салып айтпаса, тыңдаушыға онша әсер етпейді, оны ешқандай қызықтырмайды..

Демек сөздерді сауатты жазумен қатар сауатты айта да білу қажеттілігі келіп туады. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу нормалары көрсететін практикалық құрал ретінде Қ.Неталиеваның “Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі” 1977 жылы жарық көрді. Сөздікке тәжірибеде жиірек бұзылып айтылып жүрген 15 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестері енген. Автор емле ережесі бойынша жазылған сөздерді қалыптасқан әдеби тіл орфоэпиясы нормасына сәйкесті оқу, айтуды негізгі принцип етіп ұстаған. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу заңдылықтары үндестік заңдылықтарына негізделетіндігі айтылған. Яғни сөйлеу процесінде сөз бен сөздің, дыбыс пен дыбыстың, түбір мен қосымшаның, буын мен буынның аралығында болатын құбылыстар сөздікке арқау болған.

Сөздер екі қатарға тізілген. Бірінші қатарда қазақ әдеби тілінің емле-ережесі бойынша жазылуы, екіншісінде әдеби норма бойынша айтылуы көрсетілген. Мысалы:

ала-кұла ала-ғұла

алма-кезек алма-гезек

әкетай-көкетай әкетай-гөгетай

бозғылттану бозғұлттану

дүрбелең дүрбөлең

жұлысу жұлұсу

кұнсыз құнсұз

1981 жылы М. Дүйсебаеваның “Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі” басылып шықты. Бұған күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын бес мыңға жуық, сөздер қамтылған.

Осы аталғандардан басқа Қазақстанның жер-су атаулары мен кісі аттарының қысқаша сөздіктері (алғашқысы орысша, соңғысы екі тілде) басылып шықты. Сол сияқты Қазақ тілінің кері алфавитті сөздігі (1970), Куманша-қазақша жиілік сөздік (1978), М. Әуезовтың “Абай жолы” романының жиілік сөздігі (1979), Қазақ тексінің статистикасы (1973) атты сөздіктер де жарық көрді. Өскелең өмір талабына сай әлі де сан қилы лингвистикалық сөздіктер жасала бермек.

1.7. Арнаулы сөздіктер – Абай тілінің сөздігі

Арнаулы сөздік – деп бір еңбекті немесе ақын жазушының немесе ғылыми қайраткердің шығармасының тілін жеке сөздік етіп шығаруды айтады. М: қазақ тіл білімінде «Абай өұнанбаевтың шығармаларының сөздігі», Алматы, 1967 жыл.

Белгілі бір ақын-жазушының шығармаларының тіліне арналған сөздікті арнаулы сөздік деп атайды.

Әрбір ұлы жазушы өз заманның куәсі айнасы. Олар өздері өмір сүрген дәуірінің саяси-әлеуметтік және қоғамдық өміріне қалай болса солай, немқұрайлы қарап отыра алмайды. Жақсыға сүйініп, жаманшылығы мен кемістігіне күйініп, өзінің әділ сын-бағасын айтып отырады. Ұлы ақын-жазушылар әртүрлі көркем образдар арқылы бүкіл бір заманның тарихи картинасын суреттеп, кейінгі ұрпақтың өмір-бақи есінен кетпейтіндей етіп көз алдына елестетеді.

Қазақ халқының дана ақыны Абай Құнанбаев шығармаларының сөздігін жасауға Тіл білімі институтының бір топ қызметкерлері 1962 жылдан бастап кірісті. Бұл еңбек 80 баспа табақ көлемінде Қазақ ССР Ғылым академиясының “Ғылым” баспасынан 1980 жылы жарық көрді.

Ол үшін ұлы ақын қазақтың байырғы тума төл сөздерін өңдеп-түзеп, ұқсатып, жаңа мазмұн беріп, әр түрлі кәдесіне жарата білді. Мәселен, талаптың тұлпары, көңіл құсы, тентек өмір, жабырқаңқы сөз, тіл ұстарту, т. б. теңеу сөздерді Абайдың қазақтың төл сөздерін жаңартып, жаңадан сөз жасағандығының айғағы деп қарау керек. Ұлы ақын қазақтың ауызекі сөйлеу тілін, ауыз әдебиеті тілі мен жазба әдебиет тілін сарқа пайдалана отырып, қазақтың болашақ ұлттық әдеби тіліне жөн-бағыт сілтеп, сара жол салды. Қазақ тілінің барлық сөздік қорын, лексика-фразеологиялық байлығын, мақал-мәтелдерді мейлінше емін-еркін, керегінше, әрі шебер түрде пайдалана отырып, жетпегенін араб, парсы және орыс тілдерінен алып толықтырды да кәдесіне жарата білді. Абай шығармаларында кездескен сөз байлығының барлығы да түгелдей сөздікке ендірілді. Мұнымен қоса ақынның өзі қолданған жалқы есімдер, кісі аттары мен жер-су атаулары халық пен ру аттары да қоса қамтылды. Шығарманың текстінде кездеспеген, тек белгілі бір өлеңнің, тақырыбына алынған кісі аттары, мәселен, Әсет, Көжекбай, Баймағанбет, Күлембай сияқты есімдер сөздікке жеке реестр болып алынбады.

Абай шығармасында қолданылған араб, парсы және орыс сөздері негізінен екі салаға бөлініп қаралды. Оның бірінші түрі қазақ тілінің лексикасына бір жола еніп, ана тіліміздегі төл сөздердей етене болып кеткен жалпы халыққа таныс сөздер. Ал екіншісі — Абай шығармаларында ғана ұшырасатын, бірақ қазақ тілінің сөздік құрамынан белгілі орын таба алмаған бейтаныс, бөгде сөздер. Бұлардың тізімі алфавит тәртібімен қосымша ретінде сөздіктің соңынан көрсетілді. Абай — халық тілінің бай да нәрлі құнарын тек

шебер пайдаланушы ғана емес, өзі де неше алуан жаңа сөздер, жаңа мағыналар тудырып отырған жазушы. Акынның шабытты сәтті шақтарында ұшқыр қаламынан туған мақал-мәтелдерге бергісіз толып жатқан канатты нақлия сөздері бар. Ақын өз шығармасында жай қарапайым сөзге жан бітіріп, неше қилы қозғалысқа түсірді. Сонымен қатар кемеңгер ақын тілдегі сан қилы тропалық тәсілдерді, аллегория мен шендестірулі сарказм мен иронияны, эпитет пен теңеуді әр түрлі ойнақылықпен құбылтып отырған. Әсіресе метафораны кең түрле еркін пайдаланған. Мысалы: “Сөзімде жаз бар шыбынсыз” дегендегі жаз деген сөз. “Көңілдің, жайлауынан ел кеткен бе?” дегендегі жайлау сөзі, “Қажыды көңлім көп шауып” дегенде шабу сөзі, “Қараңғы, саңырау ойды қайғы жеңген” дегенде саңырау деген сөз “үміттің аты еліріп”, дегенде ат сөзі Абайдың өзіндік метафоралық сөз қолданыстарына жатады. Абай сөздігін жасау мақсаты ұлы ақын өз шығармаларын жазуда қанша сөз және оларды қандай мағынада қолданғандығының бетін ашу екендігі даусыз. Сөздікте осы мақсат біршама нақтылы жүзеге асты деп ойлаймыз. Абай шығармаларында алты мыңға жуық жеке-дара сөз қолданғандығы анықталды. Бұл еңбек ұлы ақынның асыл мұрасындағы “іші алтын сырты күміс сөз жақсысын” терең білгісі, үйренгісі келген барлық қазақ қауымына пайдалы жұмыс деп ұғамыз. Абай сөздігі қазақ тілінің өткені мен қазіргісін салыстыра отырып тексерген жеке зерттеу еңбек болмағанымен, салыстырып зерттеу үшін сұрыпталып тексерілген, белгілі жүйеге түскен бір дәуірдің, дайын материалы деп есептеледі.

Сонымен қатар кемеңгер ақынның қаламынан туған шығармалар тіліне тән өзіндік ерекшеліктерді Абайдан бұрынғы-соңды қазақтың өзге ақын-жазушыларының тілімен салыстыра отырып даралап бөліп көрсету үшін де өте бағалы еңбек деп танылады. “Абай тілі сөздігі” ақын шығармаларындағы сөздердің анықтағышы әрі оның жиілік сөздігі болғандықтан, реестрге алынған сөздер кейін оның неше рет қолданылғандығы (саны) көрсетілді. Бір

сөз қанша мағынада жұмсалса, сонша рет анықтама берілді. Алдымен ең негізгі (заттық) мағынасы, онан кейін қосымша және өзіндік сөз колданысы көрсетілді. Соңынан белгі қойылып, тұрақты сөз тіркестері келтірілді. Әрбір мағына мен сөз тіркесінен берілген анықтамадан кейін оның неше рет қайталанғандығы, жақшаның ішінде саны көрсетілген.

1.8. Терминологиялық сөздіктер

Терминологиялық сөздік. Ғылым мен техникада терминдердің мәні күшті. Белгілі бір ғылым саласына тән терминологияны білмей тұрып ол ғылымды, техниканы меңгеру мүмкін емес. Ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларына байланысты көптеген терминологиялық сөздіктер бар. М: І.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов «Лингвистикалық терминдер сөздігі». Алматы, 1956 ж.

Белгілі бір тілдегі ғылым мен техника саласындары арнаулы атаулар сөздігін терминологиялық сөздік деп атайды. Бұлар бәрі топталып бір сөздік түрінде де, әр ғылым саласының терминдері бойынша жеке-жеке кітап болып та шыға береді.

Мәселен, “Атаулар сөздігі” деген атпен 1931 жылы, “Қазақ тілінің терминдері” 1936 жылы, “Терминология сөздігі” деген атпен 1948 және 1950 жылдары екі кітап болып басылып шықты. Мұнда төңкерістен бергі кезеңде тілімізге енген термин сөздерді барынша жинақтап, жұртшылыққа ұсыну мақсаты көзделді.

Елуінші жылдардан бергі кезеңде экономика мен мәдениеттің, техника мен ғылымның шарықтап, кең қанат жайып дамуымен байланысты, интернациональдық терминдердің есебінен, сонымен қатар өз ана тіліміздің жаңа сөз жасаудағы қабілеттілігі арқасында да, қазақ тілінің сөздік құрамы барынша байыды. Ендігі жерде әрбір ғылым саласының терминдерін әрқайсысын өз алдына жеке кітап етіп басып шығару мәселесі күн тәртібіне қойыла бастады.

Қазақ тілінің терминологиялық сөздіктерін жасауға республикамыздағы ең таңдаулы, өз ісіне жетік деген маман кадрлар қатыстырылды. Алайда жарық көрген ірілі-ұсақты терминологиялық сөздіктерде ана тілінің өзіне тән сөз тудыру тәсілдерін әрдайым сарқа пайдаланып келе жатыр деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Аудармашылар кей жағдайларда буквализмге бой ұрып журсе, енді бір реттерде трафаретке түсіп алғандығы жиі байқалады. Аудармашылар екі тілдің әрқайсысына тән заңдылықтар мен ерекшеліктерді мұқият тексеріп, осыған дейінгі орын алып келген олқылықтар мен ала-кұлалықтардан арылу жолын іздестіруде. Бұл салада олардың қол жеткен табыстары да аз емес.

1.9.Фразеологиялық сөздік

Фразеологиялық сөздік тілдегі сан алуан тұрақты сөз тіркестерді жинақтап, соларға кең түсінік береді. Біздің тіліміз фразеологияға соншалықты бай.

Бұлар аз сөзбен көп ойды жеткізу үшін айрықша қызмет атқарады. Көркем образ жасауда да бұлардың алатын орны ерекше. Мәдениеті қарыштап дамыған елдердің көпшілігінде фразеологиялық сөздіктер бар. Қазақ тілінің тұңғыш фразеологиялық сөздігі 1977 жылы академик І.Қеңесбаевтың авторлығымен жарыққа шықты. Сөздікте тілміздегі он мыңнан астам фразеологиялық единицаларды қамтыған. Әрбір фразеологизмнің мағынасына түсініктеме беріліп, қолданылу орайы көрсетілген. Қазақ фразеологизмдерінің синонимдері мен варианттары да, мүмкін болғанынша, жинақталған. Кей жағдайда жекелеген фразеологизмдердің тууы мен жасалуы да сөз болады.

Сөздікке негіз болған Тіл білімі институтындағы жиналған үш миллионнан астам картотека қорындағы қыруар материалдар екендігі сөзсіз. Сонымен қатар автордың ұзақ жылдар бойы ел ішінде болып, солардан тірнектеп жинаған материалдарын да молынан пайдаланған. “Сөздіктің

құрылысы мен жасалу тәсілдері” атты кіріспе мақалада сөздіктің құрылым-құрылысы мен жасалу принциптері жайында кең түсінік берілген. Мұнын өзі сөздікті пайдаланушы адамдарға үлкен себін тигізетіндігі даусыз. Кітапқа сөздік материалдармен қоса “Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы” деген көлемді теориялық мақала да ендірілген. Сонымен бірге “ен-таңба туралы”, “ай санау дәстүрлері туралы”, “жыл қайыру жайлы” атты үш түрлі қосымша материалдар да бар. Сөздіктің сонынан “Шартты қыскартулар” тізімі мен индекс ретінде “Сөз тізбе” берілген. Демек, сөздікті жасап шығаруға автор көп еңбек сіңіргендігі байқалып тұр.

Сөздіктің жетістігіметі қатар кем-кетік, кемшіліктері де жоқ емес.

Сөздіктің құрылымы мен құрылысын, жасалу принципін таныстыру, көрсету мақсатымен оқушы қауымға сөздіктен бірнеше мысалдар келтірейік.

Бас иді. 1. Разылық білдірді, көрсетілген құрметке ілтипат білдірді. Әнші әнін аяқтап, залдағыларға бас иді. (Қ. Ж.)

2. Мойынсынды, көнді, алдына тізе бүкті, бағынды. Бірлігі бар, арманы бар, ойы бар. Бұл — Корея бас иетін ел емес (Ж. С.). Өрісі қатты тарылды. Ел қорғайтын ерлердің, Аяғына барып бас иіп, Алдияр деп жалынды (Жамбыл).

Бір сөзді. Екі айтпайтын, айтқанын бұлжытпай орындайтын. Жайнақұлы Баймағамбет елдің кісісі, кедей. Оншақты ауыз сөзді орысша білетін, оқымаған қажырлы бір сөзді, пысық адам (С. С.).

Қол тума. 1. Өз қолында өскен, асыранды. Бұл түйе — колхоздың өсірген қол тумасы (АТ). 2. Өз қолымен орнатқан, жасаған. Қилы да қилы заманнан, Қиуа, қиын шамадан, Елестен өрге өзгеріс. (І. Ж.)- Күн атасының бұл қол тумасы да тықдаушыларын бір серпілтіп тастады (Қ. Қ.).

Ортан қолдай. Мынау деген мықты, жарамды. Сонымен, Құнанбай жүріп кетті. Көлігін, жылы шанасын, жол азығын, қос аттарын шетінен ортан қолдай қып сайлап алды (М. Ә.). Ортан қолдай төрт ұлы болды — шетінен қасқыр (Б. М.)

Ақ түйенің қарны жарылды. Қары боп қалды; ит басына іркіт төгілді. (Ішкені алдында, ішпегені артында болып, молшылыққа батты). Сол күннен бастап Итбай аулында ақ түйенің қарны жарылды (С. М.). Тіпті көнбей жатса,» “Шырағым-ау, Баймұқаным келіп, ақ түйенің қарны жарылып жатқанда, дастарқанымның бедерін көрмей кетесің бе?” – деп, өкпе айтады. (Л. Ж.).

1.10. Этимологиялық сөздік

Этимологиялық сөздік белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайды. Тілдің даму барысында сөздер тұр-тұрпаты мен мән мағынасы жағынан қандайлық өзгерістерге ұшырағандығы айқындалады. Яғни сөздің о бастағы түрі мен мәнін туыстас тілдердің, материалдарымен салыстыра отырып ашып, қазіргі қалпына жету үшін қандай даму процестерін өткендігі көрсетіледі. “Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі” 1966 жылы жарық көрді. Мұнда 333 сөздің арғы түп-төркіні, ең алғашқы мағынасы түсіндірілген.

Шығу тегі шет тілдік сөздерді қай тілден ауысқандығы, қандай формада айтылғандығы көрсетілген. Мәселен, такелаж деген орыс сөзі өзгере келе каталажка, ал қазақ тілінде әуелі каталашка, одан кейін кәтелешке болып кеткендігі түсіндірілген.

Сөздікте реестрге алынған сөзден кейін әдеби шығармалардың түрлі нұсқаларынан мысалдар келтірілген. Сонымен қатар біраз сөздерге түсініктеме беріліп отырған. Сөздік мақалаларда әр автордың берген талдауларынан басқа, жеке сөздің этимологиясы жайында бұрынғы соңғы айтылған зерттеушілердің өзіндік пікірлері қоса қамтылған. Сөздіктен бірнеше мақалаларды келтірейік:

Артель. Содан кейін артель ұйымдасты да, мен мүшесінің біреуі болып кірдім. (С. Мұқанов). Бұл сөз тілімізге орыс тілінен енгенмен, оның төркіні түркі тілдерімен байланысты. А. Г. Преображенский, Н. В. Горяевтардың

талдауы бойынша, артель сөзі татар тіліндегі ортақ және ел деген дербес сөздерден құралып, “бірлестік, ортақтық” деген мағынаны білдіретін болған. Басқалардың айтуына карағанда, артель сөзінің түбірі түркі тілдерінлегі орта, орталай, деген сөздермен байланысты. Сөйтіп, кезінде түркі тілдерінен орыс тіліне кірме сөз ретінде енген артель сөзі қазір өзгерілген түрінде, жаңа мағынада түркі тілдеріне кері ауысып, қолданылып жүр. (Н. Қ.).

Барымта. Мұндай даудың арты әдетте барымтаға соғады (С. Мұқанов). Кейбір тілдердің фактілері бізді бұл сөздің этимологиясын ашуға жақындата түседі: туваша — барымдаа — 1) негіз; 2) себеп. Монғолша — баримт - негіз, дәлел, себеп, аргумент; 2) факт, жағдай; 3) есеп. Тіліміздегі барымта зат есімінің шығу төркіні “себеп, негіз дәлел, есеп” мағыналарына келіп ұштасады, өйткені барымта себепсіз, негізсіз, дәлелсіз болмайды. Этимологиялық сөздік — білім салаларының өзара ұштасып қабысуынан талап ететін өте жауапты да қиын жұмыс. Ол туған халқымыздың ежелгі тарихын емін-еркін білумен қатар тарихи фонетиканы, грамматиканы, лексиканы да жете білуді талап етеді. Аталған сөздікті жасауда мақсат сөз төркінін іздеушілерге ой салып; бақыт-бағдар сілтеу екендігі даусыз.

Тіліміздегі түбір тұлғасы әзірге онша мәлім емес сөздердің, этимологиясын онан әрі жан-жақты анықтап, толық сөздік шығару — болашақта атқарылатын іс.

Энциклопедиялық сөздік. Энциклопедия лингвистикалық сөздіктер тобына жатпайды. Қазақ халқының тұңғыш энциклопедиялық сөздігі 1972 жылдан бастап шыға бастады. Қазір осы сөздік 12 том болып жарық көрді. Бұл кітап мәдени өміріміздің, білім мәдениетінің өскендігін көрсететін жинақ болып табылады.

II ТАРАУ

ОҚУШЫЛАРҒА СӨЗДІКТЕРМЕН ЖҰМЫС АЛЫП БАРУ

ЖОЛДАРЫН ҮЙРЕТУ

2.1. Сөздік жұмысы арқылы оқушылардың тілі мен ойлауын дамытудың жолдары

Тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын жасау құралы болса, адамдар тіл арқылы қарым-қатынас жасау үшін, алдымен сөзді, онан соң сөйлем құрай алу шарт, тілді үйренудің негізгі мақсаты – өзара сөйлесе, пікірлесе білуге үйрену.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыстың бір түрі – кітаппен жұмыс, яғни кітаптағы жаттығулармен және мәтінмен жұмыс. Мұғалім берілген ертеке не әңгімені өте мәнерлеп, нақышына келтіріп оқуы керек. Өлеңді, не әңгімені оқығанда әр сөзге дұрыс екпін түсіріп, тыныс белгілеріне тоқталып, дұрыс оқу дағдысын бірінші күннен бастап сақтауға тиіс.

Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстармен жұмыс.
2. Сөздіктермен жұмыс.
3. Сөздік қорларын жетілдіру.
4. Тіл дамыту.
5. Ережемен жұмыс
6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Осы тұрғыдан келгенде мәтінді меңгертуде сөздің жұмысының рөлі үлкен.

1. л дыбыстарымыз бар сөздерді оқытушы дауыстап өзі оқып, сонан қайталау керек.

2. Жаңа сөздерді тақтаға жазып есте сақтауын қадалап, оған байланысты сөздерді дыбыстап оқытуға, іштей қайталауға дағдыландыру керек.

3. Қиын сөздерді, сөз тіркестерін жекеше оқытып, дәптерге жазғызып, хормен оқыту керек.

4. Тақырыпты қаншалықты меңгергендігін байқатып, сөйлете білуге дағдыландыру мақсатында мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндауды үйрету керек

5. Мәтінге байланысты сұрақ қойғызып, жауап алу керек.

Мәтінді меңгертуде осындай амал тәсілдерді қолданған тиімді. Мәтін оқылып болған соң, ондағы әр сөзді оқушылардан қалай түсінгеніне көңіл бөлу керек. Түсінбеген сөздерін мұғалім өзі қосымша түсіндіріп, әр сөздің мағынасына тоқталу керек.

Мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне де айрықша мән беру қажет. Біз оқытып жүрген оқулықта тақырыпқа сай мәтіндер көп. Оқулықтары мәтіндердің күрделігі сол мәтінмен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне байланысты болу керек. Мәтінді оқытудың мынадай түрлері бар:

1) Дауыстап оқу: бұл әдісті жүргізе отырып, оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады. Дауыстап оқытудың тағы бір тиімділігі мынада: оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

2) Іштей оқу. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: мұғалім оқушыларға іштей оқу үшін бір мәтін беріп, қай жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін байқатады. Осыған қарап ұстаз олардың оқу шапшаңдықтарынан мөлшерін белгілеп отырады.

3) араласып немесе кезектеп оқу.

4) буынға бөліп оқу.

5) мәнерлеп оқу.

6) Сөйлемді мағынасына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу. Сабақта бірімен мәтінді тек оқытып қана қоймай, сол мәтіннің тәрбиелік мәніне байланысты мақал-мәтелдер, өлеңдер, қанатты сөздер алып, қосымша дәптермен жұмыс жүргіземін. Одан басқа, оқушылардың назарын сол

мәтіннің авторына аударарды. Мысалы: бүгінгі сендердің қызығып тыңдаған әңгімелерді кім жазған екен? Ол жазушыны естеріңе сақтадыңдар ма? Автордың қандай туындыларын білесіңдер? Кітабын тағы оқығыларың келеді ме?-деген сұрақтар қойылады. Сонымен бірге ол автор туралы буклет, реферат, хронологиялық таблица, сөзжұмбақ жасаймыз. Егер ол автор ақын немесе композитор болса, ол кісінің өлеңдері мен әндерін жаттаймыз, күй табақтар, қара сөздер, поэмалар, термелер бар аудиокассеталар тыңдаймыз, берілген оқиғаға байланысты оқушылар өз ойларын суреттер арқылы да жеткізеді. Әр мәтінге байланысты портреттер, суреттер, дидактикалық материалдар қолданамын. Оқушыны қызықтыратын мәтіндер таңдау, оқушылық қызығушылығын есепке алу, жұмыста қазақша сөйлеуге, жаттығуға бағыттау, оны ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана білу керек. Ол негізгі әдістер: әңгімелесу, көрнекілік, техникалық құралдар қолдану, жұмысты қазақша сөйлесу түрінде жүргізу, оқушының танымдық мәніндегі тапсырмаларды орындауы арқылы білімқушылығын, өз бетімен шығармашылық жұмыс істеуіне жағдай жасау, қазақша жазу, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру, қазақша білімін конкурстарда, конференцияларды, олимпиадаларда көрсетуге жағдай жасау керек.

Осындай жұмыс түрлерін жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады.

Тілдерін дамыту үшін мынадай сайыс сабақтың түрлерін айтқым келеді. Мақсаты: Оқушылардың тілдерін дамыту, логикалық ой - өрістерін дамыту.

1. «Бір сөзбен айт» сайысы:

Әр топқа 6 парақ қағаз беріледі. Парақтарда оқу құралдары, пәндер, мамандықтар, жемістер, үй жануарлары, азық-түліктер, дене мүшелері, көкөністер, түстер, аңдар, киімдер, отбасы мүшелері деген сөздер жазылған. Оқушы қолына тиген парақтағы сөзді оқып, сол сөзге қатысты бірнеше сөз айту керек. Мысалы: парақтағы сөзде оқу құралдары деп жазылған, оқушы

дауыстап оқымай, біраз ойланып кітап, қалам, өшіргіш, қарындаш, сызғыш дейді.

I –топ

кітап, қалам, өшіргіш, қарындаш, сызғыш – оқу құралдары
математика, қазақ тілі, орыс тілі, дүниетану – пәндер
құрылысшы, дәрігер, мұғалім, әнші, биші – мамандықтар
алма, алмұрт, анар, ананас – жемістер
сиыр, түйе, қой, жылқы – үй жануарлары
айран, нан, сүт, шұжық, кәмпіт – азық-түліктер

II-топ

көз, мұрын, құлақ, аяқ, бас, қол – дене мүшелері
картоп, пияз, қияр, қызанақ, сәбіз – көкөністер
қызыл, көк, жасыл, қоңыр, ақ, қара – түстер
аю, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, кірпі – аңдар
көйлек, жейде, шалбар, құлақшын, тон – киімдер
ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, сіңлі – отбасы мүшелері

«Сөз жарысы» сайысы.

2 топтан екі оқушы шығып тақтада берілген сөздердің аудармасын тауып жарысады. Қай топ бірінші болса, сол топ жеңімпаз атанады.

I –нұсқа

- 1 Родина –Отан
- 2 гимн – әнұран
- 3 знамя – ту
- 4 государственный – мемлекеттік
- 5 комплекс – кешен
- 6 краски – бояу
- 7 шить платье – көйлек тігу
- 8 предмет – пән

9 тема – тақырып

10 молодой – жас

II- нұсқа

1 Родина –Отан

2 столица – астана

3 герб – елтаңба

4 гостиница – қонақ үй

5 музей – мұражай

6 рассказ – әңгіме

7 интересный – қызықты

8 пластилин – ермексаз

9 художник –суретші

10 дружный – тату

2.2. Лексика. Сөздік және оның түрлерін оқыту жолдары

Сабақ түрі: Жаңа сабақты меңгерту.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Қазақ тілі туралы, лексика және сөздіктің түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Дамытушылық: Қазақ тілінде анық, нақты өз ойларын жеткізе білу, сөздік қорын байыту.

Тәрбиелік: ана тілін қадірлеп, қастерлеуге, отанын, туған жерін сүйуге баулу.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, ұжымдық ойлау, әңгімелеу, баяндау, тыңдау, салыстыру.

Сабақтың жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Сәлемдесу, түгендеу.

3. Үй тапсырмасын тексеру.
4. Ой шақыру.
5. Лексикалық минимум.
6. Оқылым.
7. Жазылым жаттығулары.
8. Айтылым.
9. Тыңдалым.
10. Бекіту кезеңі.
11. Өзіндік жұмыс.

Ой шақыру : Түрік тілінің ішіндегі жауһары – қазақ тілі.

Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.
Қай елде де жүрсең де бұл дұрысы,
Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар.

Қазақ тілі – Абай, Мұхтар, Мағжандар,

Қазақ тілі – Баян, Жібек, Тоғжандар.

Қазақ тілі – Тоныкөк пен Күлтегін,

Қазақ тілі – елін сүйген көкжалдар.

Қазақ тілі- түркі тілдер тобына енеді. Қазіргі кезде отызға жуық түркі тілдері бар. Түркі тілінде сөйлейтін халықтардың көпшілігі бұрынғы КСРО-да, жеке-жеке республикаларда тұрады. Олар: қазақ, әзірбайжан, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт т.б.

Қазақ тілі- аса бай тіл, икемді тіл. Орамын тауып, қисынын келтіріп пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, ағаш, текемет оюға болады. Сырлы тіл, нұрлы тіл, жырлы тіл. Қазақ тілі- өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл.

Лексика- тілдегі барлық сөздердің жиынтығы.Лексика грек тілінен аударғанда «сөздік қор» деген мағынаны береді. Тілдің сөздік қоры мен сөздік құрамын, лексикалық мағынасын зерттейді.

Лексиканың салалары:

1. Лексикология- тілдің лексикасын және оның тарихи дамуының заңдылықтарын зерттейді.
2. Семасиология- сөздің мағыналарын зерттейді.
3. Этимология- жеке сөздердің шығу тегін, бастапқы мағынасын зерттейді.
4. Фразеология- тұрақты тіркестерді зерттейді.
5. Диалектология- жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттейтін сала.
6. Лексикография- сөздіктер жасау және оларды зерттеу жөніндегі үлкен бір сала.
7. Ономастика- жалқы есімдерді зерттейтін сала.
8. Топонимика- жер-су аттарын зерттейтін сала.
9. Антропонимика—кісінің тегі, әкесінің аты, кісінің шын аты мен лақап атын зерттейтін сала.

Сөз мағынасы. Сөз – мағынаның дыбыспен таңбалануы, ал мағына-сөздің білдіретін ұғымы. Сөз мағынасы – тура мағына және ауыспалы мағына болып екіге бөлінеді. Сөздің белгілі бір ұғымды білдіретін бастапқы мағынасын тура мағына дейміз.Мысалы: терең көл, ашық терезе.

Сөздің мағынасы ауысып, өзге мағынада қолданылуын ауыспалы мағына дейміз.Мысалы: терең ой, ашық мінез.

Сөз мағынасына қатысты үшке бөлінеді:

Омоним- дыбысталуы бір, бірақ мағыналары әр түрлі сөздер. Мысалы:От жақ, оң жақ, қара бояу жақ.

Антоним- мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Мысалы: аласа – биік, Ұзын-қысқа, жақын-алыс.

Синоним- айтылуы әр түрлі, бірақ мағыналары ұқсас сөздер. Мысалы:
сабырлы-төзімді, әдемі- көрікті т.б

Сөздік жасаудың әдістемесі мен техникасын үйрететін ғылымды-
лексикография дейміз.Қазақ тіл біліміндегі сөздіктердің түрлері:

1. Аударма сөздіктер.
2. Терминологиялық сөздіктер.
3. Орфографиялық сөздіктер.
4. Түсіндірме сөздіктер.
5. Диалектологиялық.
6. Синонимдік.
7. Абай тілінің сөздігі т.б.

Сөздіктің түрлерін көрсетемін.

Тыңдаңыз және есте сақтаңыз!

Жазылуы:

Айтылуы:

Ана тілі

Родной язык

Түбір сөз

Корень

Сөз мағынасы

Значение слова

Сөздік

Словарь

Сөздік қор

Словарный запас

Ауыспалы мағына

Переносное значение

Тура мағына

Прямое значение

Мақал – сөздің мәйегі

Төмендегі мақал-мәтелдерде қандай ой айтылғанын айтыңыз!

Өнер алды – қызыл тіл,

Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.

Піл көтермегенді тіл көтереді.

Ана сүті бой өсіреді,

Ана тілі ой өсіреді.

Шаңырақ, шаңырақтағы уықтардағы «мақал-мәтелді аяқтау» тапсырмасы.

Қазақ тілін меңгерген өзге ұлт өкілдерін үлгі тұтайық!

Қорыту: Сұрақ-жауап.

1. Омоним дегеніміз не ?
2. Синоним дегеніміз?
3. Антоним деп нені айтамыз?

Бекіту: « Қазақ тілі» атты сөзжұмбақ шешу.

«Алған біліміңізді тексеріңіз!» айдарымен өтілген тақырыпқа қатысты сұрақтар қоямын.

1. Лексика дегеніміз не?
2. Лексиканың қандай салалары бар?
3. Лексика сөзі грек тілінен аударғанда қандай мағына береді?
4. Сөздің лексикалық мағыналары қандай?

Өзіндік жұмыс:

1. Жаңа сөздерді жаттау
2. Тіл туралы өлең шумақтарын жаттау
3. Омоним, синоним, антонимдерді қатыстырып 3 сөйлем құрау.

Бағалау:

Сабаққа белсене қатысқан студенттерді бағалаймын.

2.3. Сөздік түрлерін меңгертуді тіл ұстарту сабақтарында ұйымдастыру

Мақсаты: оқушылардың анықтамалық басылым туралы білімдерін кеңейту. Энциклопедияларды, сөздіктерді дұрыс пайдалана білуге үйрету, олардың алуан түрлерін көрсету, олармен өздігінен жұмыс жүргізіп, оларды

Көрнекілік: энциклопедиялар мен сөздіктер, анықтамалықтар жинағы, слайдтар, кітап көрмесі

Сабақтың барысы:

- 1- Анықтамалық басылым туралы мәлімет
- 2- Топпен жұмыс.
- 3- Сөздіктер достығы
- 4- Білім бағдаршамы
- 5- Сөзжұмбақ
- 6- Үй тапсырмасы

1. Мұғалім сөзі. Анықтамалық басылым - тез тауып алатындай етіп баяндалған, безендірілген және орналастырылған

Халқымызда «Ізденген-жетер мұратқа» деген дана сөз бар. Яғни, әр нәрсені білуге талпынып, білімнің тереңіне бойлау- адамды рухани байытады. Дүниеде балалар түсіне бермейтін жәйттер көп-ақ.

Өмірді жете танығысы, бәрін білгісі келетін олар «Неліктен», «Қайдан», «Не үшін» деген тәрізді сұрақтарға жауап іздеп, біртүрлі таппайды. Олардың осылайша ізденімпаздық танытуы- табиғи заңдылық.

Адамның бұрын-соңды болып өткен оқиғалар мен даталардың, цифрларды бәрін бірдей есінде сақтауы мүмкін емес. Сондықтан да, бір сұраққа жауап алу үшін сөздіктер мен энциклопедиялардың көмегіне сүйенуге тура келеді.

Бүгінгі өткелі отырған кітапханалық сабағымыз – балаларға бағыт-бағдар сілтейтін, сан алуан тақырыпты қамтитын энциклопедиялар мен сөздіктер, анықтамалықтарға арналмақ.

Балаларға сұрақ қою.

Энциклопедия – француз тілінен шыққан сөз. Ол – «білім жинағы» деп аударылады. Бұл бағытта шығарылатын ғылыми басылым. (слайд)

Энциклопедиялар да әр түрлі болады.

Кұралымы бойынша: әліпбилік, жүйелі (слайд)

Ақпараттың көлемі бойынша: үлкен – 10 томнан асатын, шағын – 10-12 томдық, қысқаша – 4-6 томдық, энциклопедиялық – 1-3 томдық.

Материалдарды таңдау жағынан - әмбебап, салалық, педагогикалық, ұлттық, аумақтық, тақырыптық, өмірбаяндық.

Тұңғыш **“Қазақ энциклопедиясы”** (12 т., 1968 – 78). *Балаларға сөз беру.*

“Қазақстан қысқаша энциклопедиясы (4 т. 1984, 1987, 1988-89),

Ал енді 10- томдық **«ҚАЗАҚСТАН» Ұлттық энциклопедиясы** (слайд) бұл сөздіктердің бәрінен асып түседі. Оларда табиғат, тарих, ғылым және техника, өнер мен әдебиетке қатысты сөздер жинақталып берілген.

Қазақстанның табиғаты – еліміздің бай табиғаты, оның ішінде таулары, қыраттары, жазықтары, өзен-көлдері, орман-тоғайлары, жануарлар әлемі, өсімдіктер дүниесі т.б. энциклопедиялық жүйемен әліпби бойынша берілген.

Өмірбаяндық энциклопедиялар – сөздің мағынасын түсіндірмейді, ол нақты бір адамның елеулі оқиғаларын көрсетеді, энциклопедияның құрылуына назар аударыңыз – тегі алфавит бойынша, аты, әкесінің аты, мәліметтер қысқаша, ал шежіре хронологиялық тәртіппен орналасқан. Мысалы:

Абай энциклопедиясы: (слайд) Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылық жолына арналған.

Қазақстан балалар энциклопедиясы –(слайд) – Аруна баспасынан шыққан « Алтын Орда» , «Қазақ хандығы», «Ежелгі Қазақстан әфсаналары», «Ежелгі Қазақстан мифтері», «Қазақтың көне эпосы»- энциклопедиялары.

Балаларға арналған танымдық энциклопедия" (слайдтар) сериясы бойынша өте сәнді және әсем безендірілген, сапалы дайындалған кітаптар сендерді қызықтырған көптеген сұрақтарға өз бетінше жауап табуға көмектеседі. Балаларға арналған танымдық энциклопедиялардың ішінде көптеген түрлері бар: Мысалы олар: «Құстар», «Сүтқоректілер», «Әлем кереметтері», «Жануарлар»

Сұрақ-жауап энциклопедия (слайд) – 8 бөлімнен тұрады: әлем, жер планетасы, дүние жүзі тарихы, табиғат әлемі, адам денесі, ғылым және техника, әлемге саяхат, мәдениет және спорт.

Сөздік - бұл тілдегі сөздерді, сөз тіркестерін, идиомдарды әліпби негізінде тақырыптық тұрғыдан жүйеге түсіріп, олардың мағынасын ашатын, аудармасын түсіндіретін анықтамалық құралмасы (**слайд**)

Алғашқы сөздік өзге тілдер сөздерін түсіндіру мақсатында ерте заманда жасалды. Сөздіктің әлеуметтік қызметінің маңызы ерекше: дереккөзі ретінде жылдам ақпарат алуға болады; сөздердің мағынасы мен дұрыс қолданылуы туралы нормативтік бағыт береді, т.б.

Сөздік мағынасын ашып, түсінігі берілген, басқа тілге аударылып, әліпбилік ретімен берілген сөздер жиынтығы. Сөздер сөздіктерде алфавит тәртібімен, ал энциклопедияларда жекелеген тақырыптар бойынша беріледі. Сөздік пен энциклопедиялармен жұмыс жасағанда ең қиыны - әліпбиді білмеу.

Ал сендер қандай сөздіктер білесіңдер?

Сөздіктердің түрлері

Сөздіктердің түрлері өте көп, шартты түрде оларды лингвистикалық және анықтама сипатындағы **энциклопедиялық сөздіктер** деп бөледі.

белгілі бір салаға қатысты ұғым, дерек, зат, құбылыстар сипатталады.

Синонимдер сөздігі- бір сөзбен түсіндіріп, синонимдік шоғыр жиынтығын құрайды.

Омонимдер сөздік -тұлғасы бір, мағыналары әр түрлі сөздерді, ал антонимдер сөздігі мағыналары қарама-қарсы сөздерді қамтиды.

Фразеологиялық сөздіктер -тілдегі тұрақты тіркестердің (идиомдар, фразеологизмдер) мағынасын түсіндіріп, стилистик. сипатын айқындайды. Этимологиялық сөздіктер- жеке сөздердің тарихын, шығу төркінін ашады. Орфографиялық сөздік -сөздердің дұрыс жазылуын, ал орфоэпиялық сөздік дұрыс айтылуын көрсетеді.

Терминологиялық сөздіктер- жеке ғылым салаларына байланысты терминдерді түсіндіреді, олардың түрлері кәсіп салаларына қарай ұдайы толығып отырады.

Лингвоелтану сөздігі- белгілі бір тілде сөйлеушілердің ұлттық ерекшеліктерін сипаттайды.

Топонимикалық сөздіктер- жер-су аттарын түсіндіруге, қаламгер тілінің сөздігі оның шығармаларының көркемдігін, ұлттық тіл байлығын қолдану ерекшелігін тануға арналған. Мұнан басқа да диалектологиялық, ономастикалық, паронимдік, жиілік, жаңа атаулар, т.б. сөздік түрлері бар.

Ал енді, балалалар, осы кітапханадағы бар энциклопедиялар мен сөздіктермен жұмыс істеп көрсек қалай болар екен?!

3 топқа бөлінейік, әр топтарымыздың атауы болу керек.Спикер сайлау.

1 топ «Тапқырлар», 2 топ – «Жүйріктер», 3 топ – «Білімпаздар»....

1 топтың тапсырмасы:

1.Қандай анықтамалық басылымнан жылқы туралы табуға болады?
а/«Қазақстан» энци. 4 том, энци., б/ Жануарлар энци. В/ Сүтқоректілер

а/ Орфографиялық сөздік,қазақ тілінің сөздігі

./3 тілге аудару/

2. Өсімдіктер суда қалай тіршілік ете алады?

«Сұрақ-Жауап» энци. Табиғат әлемі. «Өсімдіктер мен санырауқұлақтар»

2 топтың тапсырмасы:

1. Бұғы туралы қандай анықтамалық басылымнан табуға болады?

а/ «Қазақстан» 2 том, б/ Жануарлар энц. в/Сүтқоректілер /Шөпқоректілер/

а/Орфографиялық сөздік, қазақ тілінің сөздігі

/3 тілге аудару/

2. Цунами дегеніміз не? қандай анықтамалық басылымнан цунами туралы табуға болады? («Сұрақ-Жауап» энц. Жер планетасы.)

3 топтың тапсырмасы:

1.Қандай анықтамалық басылымнан көкек туралы табуға болады?

а/Құстар энц., б/«Қазақстан» энц. 5 том,

а/ Орфографиялық сөздік, қазақ тілінің сөздігі,

/3 тілге аудару/

2. Шаш қаншалықты тез өседі? («Сұрақ-Жауап» энц. Адам денесі.)

Энциклопедиялармен жұмыс істеу өте қызық әрі пайдалы, себебі энциклопедияларда көптеген құпиялар сақталған, сендер білмеген мәліметтерге өте бай. Мысалы балалар танымдық энциклопедиялары.

Ендеше, осы балалар **танымдық** энциклопедиясымен жұмыс істеп көрсек.

Әр топқа 2 сұрақ беріледі, кім сұраққа бірінші жауап тапса – 4 ұпай, екінші – 3 ұпай, үшінші – 2 ұпай, соңғы – 1 ұпайға ие болады.

1 топтың сұрағы: 1. Сүтқоректілер жер бетінде қашан пайда болған? (200 миллион жыл бұрын – «Сүтқоректілер» энцикл.), 2. Кеміргіштің қанша түрі бар? (1500 түрі бар «Сүтқоректілер» энц. Қояндар мен кеміргіштер айдары.)

2 топтың сұрағы: – 1.Әлемдегі ең үлкен өрмекші? (Құс жейтін өрмекші – голиаф, «Әлем кереметтері» - Ең үлкендер айдары), 2. Ең кішкентай

мотоциклдің авторы кім? (Швециялық Виберг – «Әлем кереметтері» энци. - Ең қысқалар айдары)

3 топтың сұрағы:—1. Ұша алмайтын құстарды атаңдар, қай энциклопедиядан жауап таптыңдар. (тинаму, пингвиндер, түйеқұс, нанду, казуар, киви, эму, «Құстар» энци. Ұша алмайтын құстар айдарында), 2. Неше жасар ит кәрі болып есептеледі? (12 жасар ит кәрі болып есептеледі «Жануарлар» энци. Ит тұқымдастар айдарында/

Сөздіктер достығы

(Қолдарына бір сөздіктен ұстап оқушылар шығады)

1 – Мен орфографиялық сөздікпін Сөздердің дұрыс жазылу ережелерінің жиынтығымын.. Мысалы: **көбелек-көбөлек, бүгін-бүгүн, жұлдыз-жүлдүз**, сендер осылай айтсаңдар да, мен дұрыс жазуды талап етемін. (слайд)

2 – Түсіндірмелі сөздік. Мен әрбір сөздің мағынасын ашып, түсінік беремін.

Мысалы: **Азанда**—азанғы мезгіл, таңертең ерте. **Әшейін**- белгілі мақсатсыз, жайша. Әшейін келдім.

3 – Қазақ-әдеби тілінің сөздігі. Мен әдеби сөздерді түсіндіруге көмектесемін. Тіл байлықтарыңды молайтып, көркем сөйлеуге жетелеймін.

Мысалы:

4- Тұрақты теңеулер сөздігі. Қазақ тілінде ежелден қалыптасқан тұрақты теңеулер кірген сөздікпін.

Мысалы:

5- Қазақша-ағылшынша-орысша сөздік. Мен бүгінгі заман талабына сай өте қажетпін. Сөздің қазақша, орысша, ағылшынша аудармасын табуға көмектесемін.

Мысалы: кеш-вечер-evening

Сөздіктермен жұмыс істеу.

“Патриотизм” сөзінің мағынасын қалай түсіндірер едіңдер? Оны қай сөздіктен іздеп табуымызға болады? /Адамның жақсы қасиеттерін айтады /

/Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/

«Патриотизм» сөзінің синонимі. Қандай сөздікті пайдаландыңдар?

/ отаншылдық/ Синонимдер сөздігі.

“Құлшыну” сөзінің мағынасын қалай түсіндірер едіңдер? Оны қай сөздіктен іздеп табуымызға болады? / Бір іске бар ниетімен ұмтылу.Құлшынып кірісті/

/Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/

«Құлшыну» сөзінің синонимі. Қандай сөздікті пайдаландыңдар?

/ құлшыну-белсену/ Синонимдер сөздігі.

“Тәуелсіздік” сөзінің мағынасын қалай түсіндірер едіңдер? Оны қай сөздіктен іздеп табуымызға болады? /Ұрда-жық мінез көрсету,дәрекілік істеу /

/Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/

«тәуелсіздік» сөзінің синонимі. Қандай сөздікті пайдаландыңдар?

/ тәуелсіздік- еріктік, азаттық, бостандық / Синонимдер сөздігі.

Білім бағдаршамы



Неге анықтамалық басылым деп аталады

• 1 топ- Энциклопедия /Қызыл-энциклопедиямен сөздіктің ұқсастығы мен айырмашылығы

• 2 топ- Сөздік / **Сары-**

сөздік пен анықтамалықтың ұқсастығы мен айырмашылығы


• 3 топ- Анықтамалықтар /**Жасыл-**

анықтамалық пен энциклопедияның ұқсастығы мен айырмашылығы

Әр топ семантикалық карта бойынша ұқсастығы мен айырмашылығын дәлелдеу.

Бүгінгі сабақта алған білімімізді тиянақтап қорытындылау үшін мына сөзжұмбақты шешейік. Мұнда сабақтан алған білімдерінің жауаптары шығады.

Сөзжұмбақ. (слайд)



1. 10 томдық ұлттық энциклопедияның атауы.
2. Білім жинағы деген не
3. Қандай тенеулер сөздігін білесіңдер
4. Сөздің дұрыс жазуын көрсететін сөздік
5. Сөздің мағынасын түсіндіретін сөздіктің түрі.

6. Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылық жолына арналған энциклопедия

7. «энциклопедия» сөзі ненің жинағы деп аударылады.

8. Қазақша-орысша сөздігінде сөздің табуға болады.

9. Энциклопедиялар мен сөздіктермен жұмыс істеу үшін не білуге қажет

10. Қазақстан бұл қандай энциклопедия

11. Адамның елеулі оқиғаларын көрсететін энциклопедия.

12. Энциклопедиялар, сөздіктер бұл бір сөзбен айтқанда, қандай басылымдарға жатады.

Сөзжұмбақтың дұрыс жауаптары: 1.ҚАЗАҚСТАН 2.ЭНЦИКЛОПЕДИЯ 3. ТҰРАҚТЫ 4. ОРФОГРАФИЯЛЫҚ 5. ТҮСІНДІРМЕЛІ 6. АБАЙ 7. БІЛІМ 8. АУДАРМАСЫ 9. ӘЛПБИ 10. ҰЛТТЫҚ 11. ӨМІРБАЯНДЫҚ 12. АНЫҚТАМАЛЫҚ.

Балалар, біздің кітапханалық сабағымыз аяқталуға жақын.

Бүгінгі сабақ ұнады ма, не ұнады? Кім айтады? Балалардың пікірін білу.

Біздің көмекшілеріміз әрқашанда көмектесуге дайын. Ендеше, өздерің білгілерің келген сөзді іздеуден ешқашан да жалықпандар.

Үй тапсырмасы: Анықтамалық басылымға буклет жасап әкелу.

2.4. Сөздік түрлері бойынша қайталау сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдер

Қайталаудың мақсаты - өткен оқу материалдарының ең негізгі түйінді мәселелерін қайталап пысықтауды, оқушыларды өздігінен қорытынды жасауға үйретуді көздейді, мұғалімнің аса жауапкершілікпен ой жіберіп, тыңғылықты әзірлігін қажет етеді.

Қайталау сабақтары не сабақ үстінде, болмаса арнайы ұйымдастырылған сабақ арқылы өткізіледі. ол оқу бағдарламасы бойынша көлемі жағынан ірі

тақырыптар немесе тарауларды оқып үйренуге байланысты соңында, сол сияқты оқу тоқсанының және оқу жылының аяғында жүргізіліп отырады.

Қайталау сабағында оқушыларды жақсы ұйымдастыру үшін оның сұрақтары мен пайдалануға тиісті әдебиеттерін оқу және сабақ барысында қолданылатын қажетті құралдарын әзірлеу жұмыстарын алдын ала белгілеу керек.

Қайталау сабағын әр түрлі тәсілдермен (ауызша, жазбаша, графикалық, жұмыстары және саяхат жасау) ұйымдастыруға болады.

Сабақ соңында мұғалім оның нәтижесін қорытындылап, оқушыларға қосымша тапсырмалар беруі мүмкін. мұғалім оқушылар біліміндегі басты жетістіктері мен кемшіліктерді басымырақ көрсетіп, келешекте қандай мәселелерге көбірек көңіл бөлу қажеттігіне оқушылардың назарын аударады. қайталау сабағында қолданатын әдіс-тәсілдерге тоқтамас бұрын әдіс-тәсіл дегеніміз не деген сұраққа жауап алайық.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдер. әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді.

Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі. оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Әр мұғалім жұмыс барысында әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, тиімді пайдаланғанда ғана көзделген мақсатқа жете алады. Сондықтан осы мәселені ойдағыдай шешіп, екі жақты құбылысты тиянақты жүзеге асыру үшін сабақтарымда мынадай әдіс-тәсілдерді жиі пайдаланамын.

Аударма әдісі, тірек сызба әдісі, сұрақ-жауап әдісі, көрнекілік әдісі, пікір-сайыс әдісі, жаттау, оқу, талдау, т.б

Тірек сызбалар оқушылардың сөйлесу тілін арттыру мақсатында пайдаланатын тәсілдің бірі. Тірек сызбаны пайдалану оқушыны сөйлеу үшін емес, олардың оқу-таным белсенділігін арттыру, ой-өрісін кеңейту үшін де қажет. Мұндай тірек схемалардың тиімділігі, біріншіден, сыныптағы оқушыларды түгел қамтиды, екіншіден, сөйлем құрастыруға, сұрақ қойып, оған жауап беруге көмектеседі, үшіншіден, әңгіме құрастырып, оны әңгімелеп беруге үйренеді және есінде сақтауға ықпалын тигізеді, төртіншіден, оқушыны пәнге қызықтырады, ынтасын арттырады және мұғалімге сенімді көмекші. Осы арқылы оқушылар қиын тақырыпты жеңіл меңгереді, үлгерімі нашар оқушыларда белсенділік пайда болады.

Сұрақ – жауап әдісін қолдануда, оқушылардың көз алдындағы заттардың атын, оқу – құралдарының атын жатқа айтқызу көзделінеді.. Сұрақ – жауап әдісі тек қана жаңа материалды игеру мақсатында емес, өтілген грамматикалық формаларды бекіту, түйіндеу, еске сақтау, оқушының тілін, ойын дамыту мақсатында жүргізіледі. Жалғау түрлерінің ішінде тұлғалы зат есім тәуелді форманың септелуін қайталап жаттықтыру үшін әдіскер ғалым Б. Мамановтың қолданған қарапайым тәсілін пайдалана отырып, оқушылардың қазақ тіліндегі 4 түрлі жалғаудың септік жалғауларын игеріп және тәжірибеде қолдану мүмкіндігін кеңейтуге болады. Ілік септік – Асан кімнің досы? – Асан – Үсеннің досы. – Үсеннің досының аты кім? Үсеннің досының аты – Асан. Барыс септік: Айжан, сен дәптерді кімге бердің? – Мен дәптерді досыма бердім. – Дәптерді досыңа қашан бердің? – Дәптерді досыма бүгін бердім. Табыс септік: Дәптерді кім алды? – Дәптерді Жомарт алды. – Жомарттың дәптерін кім алды? – Жомарттың дәптерін мен алдым. Жатыс септік: Қайрат қайда тұрады? Қайрат Алматыда тұрады. Шығыс септік: Қанат қайдан келді? – Қанат Жамбылдан келді. – Көмектес септік: Сен тапсырманы немен жазып отырсың? – Мен тапсырманы қаламмен жазып отырмын.

Әңгімелеу әдісі балаларға қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілеттерін арттырып, сөйлемдер құрастыруды үйренуге мүмкіндік береді.

Әңгімелеу әдісі бойынша бастауыш сыныпта мәтінмен мынадай жұмыс жүргіземін:

Тақтаға бір сөйлем жазып 1) осы сөйлемді мәтіннің басы етіп, әрі қарай өзің жалғастыр 2) осы сөйлемді мәтіннің ортасы деп санап, басы мен аяғын құр 3) осы сөйлемді аяғы деп санап, мәтіннің басын құр.

Тіл үйрену, тіл ұстарту адамның ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдістерінің бірі жаттығу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру болып табылады. Жаттығулар екі топқа бөлінеді:

1) тілдік жаттығулар; 2) сөйлеу жаттығулары.

КЕЛЕСІ МЫСАЛ РЕТІНДЕ ҰСЫНАРЫМ ТІЛДІ ЖАТТЫҚТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТІЛДІК ЖАТТЫҒУ:

- мұғалім бастайды, оқушылар қостап, аяқтайды.

ОГУРЦЫ – ҚИЯР,

УСЫ – МҰРТ,

А ГРАНАТА - ...

А ГРУША - ...

МОРОЗ – АЯЗ,

КОБЫЛА – БИЕ,

А ЛУК – ...

А ВИШНЯ - ...

ЖИРАФ – КЕРІК,

ЗЕМЛЯ – ТОПЫРАҚ,

А АБРИКОС - ...

А КАПУСТА - ...

ОДИН – ЖАЛҒЫЗ,

ФРУКТ – ЖЕМІС,

А АРБУЗ - ...

А ОВОЩ - ...

Ойын – бастауыш сыныптарда оқытудың ең тиімді әдісі.

Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын - қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Оқуда да, еңбекте де ойын элементтерін қолдануға болады.

Сайысты сабақта ойын әдісі арқылы жүзеге асыруға болады мысалы: «кім тез?» санауды қайталайды. тақтада жемістер мен жидектердің суреттерінде сандар жазылып тұрады. балалар сол сандарды рет- ретімен

атап, дауыстап санайды. бұл ойындар жемістердің атауларын, сандарды қайталауға, тез санауды үйренуге мүмкіндік береді, оқушыларды ынталандырады.

Неміс педагогі адольф дистерверг: «жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді»— деген.

Бұл ретте профессор Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының маңыздылығы зор.

Оқушының ойлау қабілетін, тілін дамытуға игі ықпал ететін, мен жұмысымда қолданатын оқытудың бір түрі сабақта деңгейлік тапсырмаларды қолдану. деңгейлік тапсырмалар оқушының қазақ тілінен алатын білімін толықтыра отырып, қажетті дағдылар мен біліктердің қалыптасуын қамтамасыз етуіне ықпал етеді.

Деңгейлік тапсырмаларды белгілі бір тақырып біткен кезде, қайталау сабақтарын өткізгенде пайдалану өте ұтымды. бұл тәсілдің ең маңыздылығы – әр оқушы өз шамасына қарай тапсырманы орындай отырып өзінің нені білетін және білмейтінін толық сезінеді, жолдастарынан қалмау үшін келесі жолы білмегенін біліп алуға тырысады.

Әңгімелесу әдісі білімді жинақтауға оқушылардың теориялық білімдерін қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. әңгімелесу барысында мұғалім сұрақты бір оқушыға немесе барлық сынып оқушыларына қояды..

Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланады.

Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған.

Қорытынды

Қазақ лексикографиясы соңғы ғасырда ішінде тек сан жағынан ғана көбейіп өсіп қойған жоқ, сөздіктің түр-түрі де молайды. Өңделіп қайыра шығып жатқан терминологиялық, орфографиялық түсіндірме, синоним сөздіктерінің қай-қайсы болса да, соңғы басылымдары алғашқыларынан көшілгері екендігі еш-қандай күмән келтірмесе керек. Тіл мамандары лексикология мен лексикография теориясын, стилистика мен грамматиканы, сөз тудыру тәсілдерін тынбастан зерттеп, осы ғылымдарды үнемі жетілдірумен келеді.

Қазіргі қазақ тілі лексикасын меңгеру үшін қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздерді зерттеп, олардың стильдік айырмашылығын білу керек. Ол үшін қазақ тілінің сөздіктерін пайдалана білу керек.

«Сөздік» деген ұғым бұрын бір ғана атау болған, қазір түрлі мәнді, кең мағыналы сөз. Сөздікті көне түрік тілдерінде лұғат деп атаған.

Сөздік – белгілі бір тілдің сөздік құрамындағы жалпы я белгілі бір саладағы жеке сөздердің алфавиттік тәртіппен тізіліп, жүйеге түскен құрал.

Қазіргі таңда салыстырмалы, түсіндірме, академиялық, шет тілдік, екі тілдік, көп тілдік т.б. және фразеологиялық, терминологиялық, диалектологиялық, этимологиялық, энциклопедиялық, синонимдік сөздіктер т.б. болып бөлінеді.

Оқушыларға сөздіктерді дұрыс қолдана білуге балуда түрлі әдістер қолдануға болады. Әдіс деген сөз гректің "metodos" деген сөзінен шыққан. Метод деген ұғым *белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары* деген мағынаны білдіреді.

Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік "әдіс" — мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет"- деген анықтама береді.

Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын дұрыс қабылдау үшін, сөздік жұмыстарының мұқият жүргізілуі қадағаланады, яғни балаға түсініксіз бірде-бір сөз болмауы керек. Мәтіндегі кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру 3 кезеңде жүргізіледі:

1. Мәтінді оқуға дайындық кезеңінде;
2. Мәтінді оқу барысында;
3. мәтінді оқып шыққаннан кейін.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістерде сөздік әдісі мен көрнекілік әдісі кеңінен қолданылып жүр.

Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, әңгімелесу, кітаппен жұмыс.

Көрнекі әдістер: иллюстрация және демонстрация.

Оқыту үрдісінде ең көп тараған дәстүрлі әдіс - сөздік немесе мұғалімнің ауызша баяндау әдісі. Бұл әдіс оқыту процесінде басқа әдістерге қарағанда жетекші роль атқарады.

Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгі, қажеттілерін (анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін.

Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, ұнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Қазіргі кезде қазақ тілін қандай бағытта, қандай мазмұнда оқыту керек?

Меніңше, коммуникативті функционалды бағытта болуға тиіс. Сондықтан тілдің коммуникативті механизмін ашу қажет. Яғни, оның сөйлеу процесіндегі, сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әңгіме құрастырудағы рөлі амал – құралдар арқылы меңгертіледі.

Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда сөздіктермен жұмыс алып бару тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір- бірімен, қарым- қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу) ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді.

Сөздіктермен жұмыс алып бару қазақ тілін үйретуде іскерлік, рөлдік ойын түрлерін қолдану, диалог, монолог, сұхбат, сұрақ – жауап, көрініс кою, тақпақ оқу, ән айту, мәнерлеп оқу, жұмбақ, сөзжұмбақ шешу, пікір айту, пікірсайыс, тірек схемасын пайдаланып, жүйелі түрде әңгімелеу, т.б. әдіс-тәсілдерді сабақта пайдалану, оқушының басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтіп, тілді үйренуге ынтасын арттыратынын өз іс-тәжірибемнен күнделікті жұмыс барысында байқаймын. Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға;

Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым – қатынас, ойын, танымдық, өзін- өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Каримов И.А. «Ёшларимиз-халқимизнинг ишончи ва таянчи» Ташкент 2006
2. Каримов И.А. Баркамол авлод арзуси. Тошкент, Ўзбекистон, 1999
3. Абдиреймова Т. Қазақ тілін проблемалы оқытудың тиімді жолдары. Нөкіс «Қарақалпақстан», 2009.
4. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Алматы, 1985.
5. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1995.
6. Әлімжанов Д. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1995.
7. Балғанбаев.Ә.Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы.-Алматы,1996
8. Бектуров.Ш.К.Қазақ тілі.-Алматы,2001
9. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, 1986
- 10.Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі оқыту әдістемесі. Алматы, 2002
- 11.Жаниязов Ә. Лексиканы оқытуға арналған таблица. Алматы, 1978
12. Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. Алматы, 1996.
13. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент,2003
- 14.Кеңеспев.І. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы,1998
15. «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері». Алматы, 1995.
- 16.Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2000.
- 17.Қалиева Г, Оралбаева Н, Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы. Алматы 1979
18. МейірманқұловаТ.Білім берудегі инновациялық технологиялар. А. 2005
19. Қудьярова Ш. Қазіргі қазақ тілін оқытуда жаңа технологияның тиімділігі. Нөкіс «Қарақалпақстан», 2009
- 20.Толғанбаева Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 1988.
21. [www. ziynet.uz](http://www.ziynet.uz)
22. www.edunet.uz

МАЗМҰНЫ:

КІРІСПЕ.....	7
I ТАРАУ.Қазақ тілінің лексикографиясы және сөздіктердің түрлері.....	11
1.1. Түсіндірме сөздіктер.....	13
1.2. Диалектологиялық сөздіктер.....	15
1.3. Синонимдік сөздіктер.....	17
1.4. Аударма сөздіктер.....	21
1.5. Орфографиялық сөздіктер.....	22
1.6. Орфоэпиялық сөздіктер.....	23
1.7. Арнаулы сөздіктер – абай тілінің сөздігі.....	25
1.8. Терминологиялық сөздіктер.....	28
1.9. Фразеологиялық сөздік.....	29
1.10. Этимологиялық сөздік.....	31
II ТАРАУ. Оқушыларға сөздіктермен жұмыс алып бару жолдарын үйрету.....	33
2.1. Сөздік жұмысы арқылы оқушылардың тілі мен ойлауын Дамытудың жолдары.....	33
2.2. Лексика. сөздік және оның түрлерін оқыту жолдары.....	37
2.3. Сөздік түрлерін меңгертуді тіл ұстарту сабақтарында ұйымдастыру.....	41
2.4. Сөздік түрлері бойынша қайталау сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдер.....	50
Қорытынды	55
Пайдаланған әдебиеттер	59